• Международный информационный научно-методический журнал • International Information scientific and methodological Journal • Халықаралық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналы

JARQYN BOLASHAQ

№9(20) (2026 ж. Қыркүйек/Сентябрь 2026 г.)

"Ұстаз – жүректен жол тапқан шырақ пен шамшырақ."



Тохтямова Дилбар Абдулиновна

Меңгеруші
«Алматы облысы білім басқармасының Ұйғыр ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Балбөбек» балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

- Международный информационный научно-методический журнал
- International Information scientific and methodological Journal

JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY

- Халықаралық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналы

«JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY» халықаралық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналының **№9(20) (2026 ж. қыркүйек) шығарылымы.**
Выпуск №9(20) (Сентябрь 2026 г.) международного информационного научно-методического журнала «JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY».
Issue No. 9(20) (September 2026) of the international informational scientific and methodological journal "JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY".

ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒЫТЫ:
білім беру саласындағы оқу-әдістемелік, ғылыми-тәжірибелік, ақпараттық -сараптамалық, педагогикалық инновациялық тәжірибелерді тарату бойынша материалдар жариялау.

«JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY» Халықаралық ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналы Астана қаласында Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті 2024 жылғы 17 шілдедегі Мерзімді баспасөз басылымын, ақпараттық агенттікті және желілік басылымды есепке қоюы туралы куәлігі № KZ 01VPY00097011 берілген.
Таралу аумағы: Халықаралық, алыс және жақын шет елдер
«JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY» журналы айына 4 рет жарық көреді.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
Бас редактор:/Главный редактор: Баянды Ерлан
Дүйсенбекова Б.Н. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Қарағанды медицина университеті
Дүзбаева Н.М. – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Каскарбаева Б.Б. – педагог-шебер
Қасқабаева Ф.С. – педагог-шебер
Есенова Ш.Б. – педагог-зерттеуші
Иманбек Ә.О. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Алшынов А.Ә. – жаратылыстану ғылымдарының магистрі
Корректор / корректор: Кәкіш Мерей Ертайқызы
Жауапты хатшы / ответственный секретарь: Есбергенов Айдын Ардақұлы

Материалдардың анықтығына авторлар жауапты болады.
Редакция материалдарды қабылдамауға құқылы.

«JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY» ақпараттық ғылыми-әдістемелік журналының авторларға арналған ережелерімен QR-кодты сканерлеу арқылы таныса аласыз.

The publication periodicity is 4 times a month.

CERTIFICATE
about registration No. KZ 01VPY00097011

Issued by the Information Committee of the Ministry of Culture and Information of the Republic Kazakhstan

THEMATIC DIRECTION:
publication of materials on the dissemination of educational, methodological, scientific, practical, informational, analytical, pedagogical innovative experience in the field of education.

EDITORIAL BOARD
Editor-in-chief: Bayandy Yerlan
Duissenbekova B. N. - Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Karaganda Medical University
Duzbaeva N. M. - Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Karaganda University named after Academician E. A. Buketov
Kaskarbaev B. B. -Master teacher
Kaskabayeva F. S.-teacher-master
Yesenova Sh.B.-teacher-researcher
Imanbek A. O.-Master of Natural Sciences
Alshynov A. A.-Master of Natural Sciences
Proofreader: Kakish Merey Yertaevna
Executive Secretary:
Esbergenov Aydin Ardakovich

The authors are responsible for the accuracy of the materials. The editorial board reserves the right to reject the materials.

Периодичность издания — 4 раза в месяц.

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о постановке на учет № KZ 01VPY00097011

Выдано Комитетом информации Министерства Культуры и информации Республики Казахстан

ТЕМАТИЧЕСКОЕ НАПРАВЛЕНИЕ:
публикация материалов по распространению учебно-методического, научно-практического, информационно-аналитического, педагогического инновационного опыта в области образования.

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ
Главный редактор: Баянды Ерлан
Дуйсенбекова Б. Н. - кандидат биологических наук, ассоциированный профессор, медицинский университет Караганды
Дузбаева Н. М. - кандидат биологических наук, ассоциированный профессор, Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова
Каскарбаева Б. Б.-педагог-мастер
Каскабаева Ф. С.-педагог-мастер
Есенова Ш. Б.-педагог-исследователь
Иманбек А. О.-магистр естественных наук
Алшынов А. А.-магистр естественных наук
Корректор: Какиш Мерей Ертаевна
Ответственный секретарь:
Есбергенов Айдын Ардакович

Ответственность за достоверность материалов несут авторы. Редакция оставляет за собой право отклонять материалы.

С правилами для авторов информационного научно-методического журнала "JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY" вы можете ознакомиться, отсканировав QR-код.
You can familiarize yourself with the rules for authors of the information scientific and methodological journal "JARQYN BOLASHAQ JÝRNALY" by scanning the QR code.

Мазмұны / Содержание / Contents

Тажиев Е.Е., Қонақбаева А.С. «Өз тілің – бірлік үшін, өзге тірлік үшін».....5
Тұрсынбай А. "Менің отаным – менің мақтанышым" 11
Ержанова Ж.К. Заттардың қасиеті қалай өзгереді ?.....13
Мукишев Ш.А. Жасанды интеллект арқылы биология пәнін оқытудың заманауи тәсілдері.....15
Серикбай С.Б., Касымова Г.Н. Ұлылардың ұлы болуы - ұстаздан.....18
Бижанова К.Б., Молдагалиева Ш.К. Негізгі мектепте физика сабақтарын дамыта оқыту негізінде ұйымдастыру әдістемесі 19
Абилкаир Д.Б. Бейіндік сыныптарда саралап оқыту технологиясын қолданудың тиімді жолдары 24
Айбосынова С.Қ. Мектеп географиясын оқытуда цифрлық геоақпараттық технологияларды (ГИС) қолданудың тиімділігі мен болашағы 28
Айткалиева Н.О. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында тілдік төрт дағдыны дамытудың тиімді әдіс-тәсілдері 30
Нұрқасым Ғ.М. Сыни ойлау технологиясы арқылы оқу сауаттылығын қалыптастыру.....33
Матенова О.А. «Қарлы өлкедегі қиял».....40
Бейсекова Н.Ж. Ұлы жеңіс күні 42
Тәліп З.Ә. «Ханталапай – ұлттық мұрамыз» атты ұлттық ойын ойын-сауығы.....44
Қайрат А.Қ. «Қош бол, сүйікті балабақшам!» 46
Нуралдаева С.Д. Аяулы анашым! 48
Смагулова Н.О. Марблс тастарын таныстырудың дәстүрден тыс технологиясы.50
Келдибекова А.Н. «Ойын арқылы оқыту: балабақшадағы инновациялық әдістер».....52
Интибаева М.М. «Сым арқылы өрілген ұлттық нақыш-қазақи қолөнерге алғашқы қадам».....54
Карасаева Г.М. «Ертегі терапиясы: қазақ халық ертегілері арқылы баланың тілін және қиялын дамыту».....56
Нурпейсова Н.С. «Экранға тәуелділік: балабақшадағы гаджетсіз демалыс аймақтарын ұйымдастыру».....58
Менисова Ү.Е. Үй жануарлары.....60
Кумганбаева А.Т. «Аңдар әлемі».....61
Мантабаева Г.А. «Әдемі маталар әлемі!!!».....64

Тажиев Ербол Елғондыұлы[1] - қазақ тілі мен әдебиеті пән оқытушысы
Қонақбаева Айгул Серікболқызы[2] - қазақ тілі мен әдебиеті пән оқытушысы
[1,2]Жоғары медициналық колледжі
Алматы қаласы

«ӨЗ ТІЛІҢ – БІРЛІК ҮШІН, ӨЗГЕ ТІРЛІК ҮШІН»

Ашық тәрбие сағаты
Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай

Өтетін күні:
Сағат:
Өтетін орны: 1-қабат Конференция залы
Қатысушылар: Оқытушылар мен колледж студенттері.

Мақсаты: Білімгерлерді ана тілімізді құрметтеуге, елдің болашағына бейжай қарамауға тәрбиелеу; Қазақстандағы ұлттар достығын дәріптеу;
Тіл арқылы бірлікті нығайту, көптілділікке қызығушылық ояту.
Тәрбиелік: Студенттердің бойына Отансүйгіштікке, патриоттық сезімін, ерлік, батылдық, шындық, төзімділік, адамгершілік қасиеттерін дарыту.Саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ақын-жазушылардың ерлігін, үлгі-өнеге ету.
Дамытушылық: Дайын дереккөздерін, сызбаларды пайдалана отырып, сабақтың мазмұнын аша білу дағдыларын қалыптастыру. Сын тұрғысынан ойлап, әртүрлі
тапсырмаларды орындай білулеріне бағыт беру. Студенттердің тыңдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Көрнекілігі:
- презентация
- плакат
- колонка
- музыка

Жоспар:
1. Ұйымдастыру кезеңі
2. Кіріспе
3. Негізгі бөлім
4. Рефлексия

Көрнекілігі: Ақынның суреті, өмірбаяны, буклет, презентация, бейне ролик.

Қазақстан Республикасының әнұраны орындалады.

Көрнекілігі: Плакатқа жазылған тақырып, презентация, қанатты сөздер, гүлдер, шарлар, ұлттық киімдер.
Салтанатты кештің барысы:

Кеш жүргізушілері: 26-10 МІ Кершебаев Рahматолла
26-10 МІ Жұмабекқызы Мафруза
Жүргізуші 1: 26-10 МІ Кершебаев Рahматолла
Замандастар, құтты болсын тілің бүгін,
Ашатын жан сарайың білімдінің.
Кешегі анан айтқан, бабан айтқан,
Тіліне зер салыңдар бұрынғының, - дей келіп, бүгінгі "ӨЗ ТІЛІҢ-БІРЛІК ҮШІН, ӨЗГЕ ТІЛІҢ-ТІРЛІК ҮШІН" атты мәдени шарамызды бастауға рұқсат етіңіздер.
Еліміздің Президенті ҚАСЫМ ЖОМАРТ ТОҚАЕВ: «Қазақтың тілі – Қазақтың жаны. Халқымыздың тарихы да, тағдыры да, мәдениеті мен әдебиеті де, тілі мен діні де - тілінде» деп тілге

аса назар аударған. Олай болса ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ӘНҰРАНЫ ОРЫНДАЛСЫҢ!

(Гимн)

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалсын.

Жүргізуші 1: 26-10 МІ Кершебаев Рahматолла
Армысыздар! Құрметті аса құрметті ұстаздар, көрермен қауым, қадірлі қонақтар, ұстаздар мен студенттер!

5-қыркүйек - ұлық мереке, айтулы күн - ҚР Тілдер күні, яғни «Ұлт ұстазы» атанған Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл.

Ахмет Байтұрсынұлы - дарабоз дарын иесі, бір басында асыл қасиеттері тоғысқан ұлы тұлға. Ол - ақын, жазушы, аудармашы, публицист, қоғам қайраткері, ағартушы, этнограф, фольклоршы, түркітанушы, әдебиетші, тілші, ғалым… Осы аталған азаматтық қырларының мәнін бір ауыз сөзге сыйғызып айтар болсақ, ол бас әріппен жазылған ҰЛТ ҰСТАЗЫ, ХАЛЫҚ ҰСТАЗЫ.

Біздің бүгінгі **«Тілім менің ғасырларға аманат» Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне орай күніне арналған** тәрбие сағатын ашық деп жариялаймыз!

Жүргізуші 2: 26-10 МІ Жұмабекқызы Мафруза
Қайырлы кеш, ұлағатты ұстаздар, қымбатты қонақтар, озық ойлы студенттер!
Тәуелсіз Қазақстан – ұлы Отаным,
Көк туымды қалайша құлатармын.
Тып – тыныш тұрып жатқан жайымыз бар,
Бәріміз баласындай бір атаның.
Елімізде бақ-береке, ырыс болсын,
Қыил тілім қанардай қылыш болсын.
Қызыл тілім қанжардай қылыш болсын.
Қызыл тілім қанжардай қылыш болсын.
Халқымның ахуалы дұрыс болсын.
Отанымыз әрқашан да тыныш болсын!

Жүргізуші 2: 26-10 МІ Жұмабекқызы Мафруза

Дәуірдің жарық жұлдызы, ұлттың ұлы ұстазы саналатын Ахмет Байтұрсынұлының әуелі өмірбаянымен танысып өтсек. Назарымызды экранға аударалық.

5 қыркүйек - тілдер күні. Ахмет Байтұрсыновқа 150 жыл бейне баянға назар аударайық!
26-10 Мейіргер ісі топ студенттері Мақан Назым пен Көжекбай Ерке «Ахмет Байтұрсынұлы – ұлттың ұлы ұстазы» тақырыбында презентация қорғайды.
Жүргізуші 1: 26-10 МІ Кершебаев Рahматолла
Абай атамыз айтқандай
Құлақтан кіріп, бойды алар
Жақсы ән мен тәтті күй.
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең, менше сүй.

25-10 Мейіргер ісі Құндызбек Мөлдір мен Сұлтанғазы Мөлдір, «Жаса, Қазақстан» әнін тамашалаңыздар.

26-10 Мейіргер ісі Қара жорға билейтін қыздар
Жолдыбай Айару
Көжекбай Ерке
Роланқызы Мадина
Сансызбаева Аруна
Алғазы Әлем

Жүргізуші 2: 26-10 МІ Жұмабекқызы Мафруза

Қымбатты көрермен, жаңағы бейнебаяннан көргенімізді көңілге түйсек, Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаянын былайша түйіндеуге болады екен:

Туған жылы:- 1872 жылы 5 қыркүйек;

Туған жері: - Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы;

Оқу орны: - Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебі;

- Орынбордағы төрт жылдық мұғалімдер мектебі;

Өмірден өтуі: - 1937 жылы 8 желтоқсан;

- Қуғын-сүргінге ілігу;

- Ату жазасына кесілу.

«Ұлт тағдыры – ел тағдыры» сахналық көрініс

Ахмет Байтұрсынұлы мен Әлихан Бөкейханның диалогы

Кейіпкерлер:

- **Әлихан Бөкейхан – 26-10 МІ Жоспархан Дулат**
- **Ахмет Байтұрсынұлы - 26-10 МІ Әуел Нұрдәулет**
- **Автор – 26-10 МІ Нұрғияс Айшабибі**
- **Сахна:** Үстел, орындық, кітаптар. Ахмет қолында кітап ұстап отырады. Әлихан сахнаға кіреді.

Автор: 26-10 МІ Нұрғияс Айшабибі. XX ғасырдың басы. Қазақ халқының тағдыры сынға түскен күрделі кезең. Елінің ертеңін ойлаған Алаш зиялылары халықты білімге, бірлікке, азаттыққа үндеді. Солардың қатарында Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлы да болды.

Әлихан: 26-10 МІ Жоспархан Дулат. Ассалаумағалейкүм, Ахмет! Ел жағдайы қалай? Халықтың тұрмысы көңіл көншітерліктей емес.

Ахмет: 26-10 МІ Әуел Нұрдәулет. Уағалейкүмассалам, Әлихан! Иә, елдің жағдайы ауыр. Бірақ меніңше, халықты алға бастайтын ең үлкен күш – білім.

Әлихан: 26-10 МІ Жоспархан Дулат. Дұрыс айтасың, Ахмет. Білімді ұрпақ қана елдің болашағын жарқын ете алады. Сондықтан қазақ баласының сауатты болуы – біздің басты мақсатымыз.

Ахмет: 26-10 МІ Әуел Нұрдәулет. Сол үшін ана тілімізге ерекше көңіл бөлуіміз керек. Халық өз тілінде білім алып, өз тарихын, мәдениетін білуі қажет.

Әлихан: 26-10 МІ Жоспархан Дулат. Ал біліммен қатар елдің бірлігі де маңызды. Егер қазақ біріксе, өз тағдырын өзі шешуге қабілетті халық екенін көрсете алады.

Ахмет: 26-10 МІ Әуел Нұрдәулет. Мен де осы ойдамын. «Маса» болып елді оятуға тырысып жүрмін. Халқымның көзі ашылып, қараңғылықтан арылса екен деймін.

Әлихан: 26-10 МІ Жоспархан Дулат. Ал мен Алаштың азаттығы мен ел болашағы үшін саяси жолда күресуді мақсат еттім. Бізге еркіндікке ұмтылған, білімді, саналы ел керек.

Ахмет: 26-10 МІ Әуел Нұрдәулет. Біздің жолымыз әртүрлі болғанымен, мақсатымыз бір.

Әлихан: 26-10 МІ Жоспархан Дулат. Ол мақсат – қазақ елінің болашағы.

Ахмет: 26-10 МІ Әуел Нұрдәулет. Тәуелсіз, білімді, мәдениетті ел болу!

Әлихан: 26-10 МІ Жоспархан Дулат. Бүгінгі жастарға айтарымыз да осы: елді сүю – тек сөзбен емес, біліммен, еңбектенумен және адал қызметпен көрінеді.

Ахмет: 26-10 МІ Әуел Нұрдәулет. Ұлттың болашағы – жастардың қолында. Тілді құрметтеңдер, білім алыңдар, тарихтарыңды ұмытпаңдар!

Әлихан: 26-10 МІ Жоспархан Дулат. Ел үшін қызмет ету – үлкен абырой. Халқына пайдасы тиген адам ғана өз ғұмырын мәнді өткізеді.

Автор: 26-10 МІ Нұрғияс Айшабибі. Алаш арыстарының арманы – азат ел, білімді ұрпақ, ұлттық тіл мен мәдениетті сақтау еді. Олардың өнегелі жолы бүгінгі ұрпаққа мәңгілік үлгі болып қала береді.

Барлығы бірге:

«Алаш мұраты – ел мұраты!

Ұлт рухы – мәңгі жасасын!»

Алаш арыстарын 1 минутпен үнсіздікпен еске алайық!!!

Жүргізуші 2: 26-10 МІ Жұмабекқызы Мафруза

Қазақстан Республикамызда мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе. Тәуелсіз Қазақстанда тіл мәселесіне айтарлықтай көңіл бөлініп келеді.Мемлекет болған жерде оның мемлекеттік тілі болуы да керек.

1989 жылы, 22 қыркүйекте тұңғыш рет Қазақ КСР-нің «Тілдер туралы» заңы қабылданып, онда қазақ тіліне «Мемлекеттік тіл» мәртебесі берілді. 1997 жылы 11 шілдеде Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Ата Заңы қабылданды.

Заңда қазақ тілі-мемлекеттік тіл деп нақты атапкөрсетілген.

Ән мен күйді төгілтіп,
Інжу – маржан шашайық.
Қонақтарды таңдантып,
Өнерден күмбез жасайық - дей келе алдарыңызда
26-10 Мейіргер ісі топ студенті «Адай» күйін орындайды,
қарсы алыңыздар.

Жүргізуші 1: 26-10 МІ Кершебаев Рahматолла
Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,
Оның тәтті оранған мәні оятар.
Кейі зауық, кейі мұң дертін қозғап,
Жас балаша көңілді жақсы уатар

26-4 Мейіргер ісі Шабденова Сезім «Ізін көремін» әнін тамашалыңыздар!

Жүргізуші 2: 26-10 МІ Жұмабекқызы Мафруза
Өлең деген — әр сөздің ұнасымы,
Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.
Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,
Оған кімнің ұнасар таласуы?

Енді келесі кезекті поэзия минутына Алаш арыстарының **«Жүректен шыққан – інжу маржан»** жыр шумақтары өлеңдерін оқуға поэзия минутына назар аударайық!

1.Студент 26-7 МІ Назарымбек Аида
«Оқуға шақыру»
Ахмет Байтұрсынұлы
Балалар!
Оқуға бар!
Жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.
Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға.
Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,
Оянып жан-мақұлық түнде қонған,
Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы,
Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.
Өзенде балықшылар ау қарап жүр,
Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған.
Аллалап, ал кітапты қолдарыңа!
Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған.

2.Студент 26-10 МІ Мұхамеджан Айару
«Анаға хат»
Қарағым, дұғагөйім, қамқор анам!
Арнап хат жазайын деп, алдым қалам.

Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді Хақ тағалам!
Бара алмай, өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет, өр зорлыққа не бар шараң!
«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,
Жолдар көп жәннатқа да тарам-тарам.
Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай, не бетіммен көрге барам?!

3.Студент 26-4 МІ Махмет Арслан
«Қазақ салты»
Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,
Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ.
Жел соқса, құйын қуса жылжи беру
Болғандай табан тіреу еш нәрсе жоқ.
Бұл күйге бүгін емес, көптен кірдік,
Алды-артын аңдамаған бетпен кірдік.
Шығармай бір жеңнен қол, бір жерден сөз,
Алалық алты бақан дертпен кірдік.
Бейне бір құдіретті сынағандай,
«Сақтар деп, сақтар болса» - сертпен жүрдік.
Жат жақты Жаратқанға күзеттіріп,
Жақынмен ырылдастық, иттей үрдік.
Білдірдік елдің сырын, ердің құнын,
Елеріп ерегіске екі-үш күндік.
Кіреді тентек есі түстен кейін,
Мүшкілін халіміздің жаңа білдік.
Әлі де, саңылаусыз салтын бағып,
Түрі жоқ іс айтатын пәлен дерлік.
«Ұлы той көппен көрген жалғыз мен бе? -
Деп отыр, - не болса да жұртпен көрдік».

4.Студент 26-4 МІ Жақыпбек Жанерке
«Көк есектерге»
Не жазып ем,
Құдай-ау, мен қазаққа,
Мұбтала ғып салғандай бұл азапқа?!
Адамшылық есебіне кірісіп,
Қолы жетсін дегендік пе азатқа?
Жөн көрсеттім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.
«Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, -
Дедім, - сен де қатарыңнан қалыспа!»
Бар ма, қазақ, мұнан басқа қылғаным?
Неңді шаштым, неңді бұздым, былғадым?
Аштан өлген аталарың бар ма еді,
Тамақ үшін сатқан иттер иманын.
Көң тасыған көк есектер, бәріңе,
Қалдырмастан жағалай жас-кәріңе,
Үрім-бұтақ нәсіліңе қалғандай

Нық басылар кетпейтін мөр тәніңе.
Бәрінді де іздеп қарап көрермін,
Тапқанымды тастамаспын, терермін.
Миллат үшін еңбектері сіңген деп,
Өсиет қып, кейінгіге берермін.
Асықпаңдар!
Артымызда қазы бар,
Тергеп талай, сүйектерің қазылар.
Пайғамбарды сатып отыр тілла алған,
Яһудамен бірге аттарың жазылар.
Қинамайды абақтыға жапқаны,
Қиын емес дарға асқаны, атқаны.
Маған ауыр осылардың бәрінен
Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны.

Жүргізуші 1: 26-10 МІ Кершебаев Раһматолла

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі- мемлекеттік тіл, орыс тілі- ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі- жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» делінген. Тек қазақ жұрты ғана емес, барша қазақстандықтар осы үш тілді өзара ұштастырып, өз орнымен қолдана білулері қажет» деп атап көрсеткен.

Жүргізуші 2: Жүргізуші 2: 26-10 МІ Жұмабекқызы Мафруза

Қорытынды сөз: Құрметті қонақтар, қадірлі ұстаздар мен студенттер!

Қорытындылай келе, Ахмет Байтұрсынұлының жас қазақ ғчылымына еткен қызметі тек тіл білімі саласында емес, әдебиет тану саласында да еңбек етті. Оның «Әдебиет танытқыш» атты көлемді еңбегі әдебиеттану ғылымы қазақ әдебиеті тарихына арналған тұңғыш зерттеу жұмысы... Қазақтың ұлттық әдебиеттануының ғылыми негізі, әдістемелік арналары, басты-басты терминдері мен категориялары түп-түгел осы кітапта қалыптастырылған. Ахмет Байтұрсынұлы атамыздың өзі айтқан «Мойындағы борышты білу – білім ісі» деген сөзімен сіздерге бейбітке толы күндерімізде кездескенше демекпіз. Ендеше, ұрпақ санасына өткен дәуір тарихын жаңғырту, халық зиялыларын жадымыздан бір сәт те шығармау баршамыздың ұлт алдындағы азаматтық парызымыз деп білейік! Келіп алтын уақыт бөліп келгендеріңізге үлкен рахмет!!!

Барлық қатысушылар сахнаға шығып хормен «Атамекен» әнін айтады.

«Атамекен»

Ескендір Хасанғалиев

Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем
Маңдайымнан сипап өткен самалды
Қазағымның алақаны-ау деп білем
*****
Қайда жүрсем Атамекен
Көкейіңде жатады екен
Күннің өзі ұясына
Қимай оны-ай батады екен
*****
Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем
Күннің нұрын, айдың аппақ сәулесін
Қазағымның махаббаты-ау деп білем
Қайырмасы 3 рет айтамыз.
Қайда жүрсем Атамекен
Көкейіңде жатады екен
Күннің өзі ұясына

Қимай оны батады екен
(Күннің өзі ұясына
Қимай оны батады екен)
*****
Жасыл жайлау, түкті кілем, көк кілем
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем
Асқар тауын аспанымен таласқан
Қазағымның мәртебесі-ау деп білем
*****
Қайда жүрсем Атамекен
Көкейіңде жатады екен
Күннің өзі ұясына
Қимай оны-ай батады екен.

Тұрсынбай Айнамгүл
Тәрбиеші
№9 "Бәйшешек" бөбекжай балабақшасы МКҚК
Ақтөбе қаласы



"МЕНІҢ ОТАНЫМ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ"

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, Қазақстан туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру.

Міндеттері: «Отан», «Қазақстан» ұғымдарымен таныстыру
Мемлекеттік рәміздер туралы қарапайым мағлұмат беру
Туған елге деген мақтаныш сезімін ояту
Сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту
Көрнекіліктер:
Қазақстан туы, елтаңбасы, картасы, табиғат пен қала суреттері
Тақырыптық сағаттың барысы

1. Ұйымдастыру кезеңі .
Тәрбиеші балаларды шеңберге тұрғызады.
Шаттық шеңбері:
Күн шуақты даламыз,
Кең байтақ жеріміз.
Қазақстан – Отаным,
Мақтанамын еліммен!

2. Әңгімелесу
Тәрбиешінің сұрақтары:
Балалар, сендер қай елде тұрасыңдар?
Біздің Отанымыз қалай аталады?
Отан деген не?
Түсіндіру:
– Отан – біз туған жер. Біз тұратын еліміз – Қазақстан. Қазақстан – әдемі, кең, бай мемлекет. Біз өз Отанымызды жақсы көреміз және мақтан етеміз.

3. Мемлекеттік рәміздермен таныстыру
Ту – көк түсті, күн мен қыран бейнеленген
Елтаңба – шаңырақ бейнесі бар
(Балаларға қарапайым, қысқа тілмен түсіндіріледі)
Сұрақ:
– Тудың түсі қандай?
– Елтаңбада не бейнеленген?

4. Сергіту сәті
Қимылды өлең:
Көк туды біз көтердік,
Қыран болып жетелдік.
Отанымды сүйемін,
Қазақстан – мекенім!
(Қолмен қимылдар жасайды)

5. Дидактикалық ойын
Ойын: “Отанды сүйемін”
Балалар допты бір-біріне лақтырып,
“Мен Отанымды сүйемін, себебі…” деп жалғастырады.
(мысалы: әдемі, бейбіт, үлкен)

6. Қорытынды
– Балалар, біз қай елде тұрамыз?
– Отанымызды не үшін жақсы көреміз?

Қорытынды сөз:
– Қазақстан – біздің ортақ үйіміз. Оны сүю, қорғау – әрқайсымыздың міндетіміз.Біздің ертеңіміз сендерсіңдер.Осымен тақырыптық сағатымыз аяқталды рахмет.

Ержанова Жадыра Кыдыргалиевна
№248 орта мектебі
Қызылорда облысы, Арал ауданы



ЗАТТАРДЫҢ ҚАСИЕТІ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРЕДІ?

Білім беру ұйымының атауы	«№248 орта мектебі» КММ	
Пәні:	Жаратылыстану	
Бөлім:	**Заттар және олардың қасиеті. Ауа мен су**	
Педагогтің аты-жөні:	Ержанова Ж.К.	
Күні:		
Сынып: 3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	**№23 сабақ.Заттардың қасиеті қалай өзгереді ?**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:	4.3.1.1 заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтау; 4.3.1.2 құрылған эксперимент жоспарына сәйкес жаңа зат алу	
Сабақтың мақсаты	заттың қасиетіне байланысты қолдану аясын анықтайды	
Құндылықтар және оның мақсаты:	ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ Білімнің жаратылыстану және гуманитарлық салаларындағы тәжірибені бақылаудың,жүйелеудің және түсінудің қарапайым дағдыларының болуы.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі// уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру Өткен білімді еске түсіру 10 мин Жаңа білім 30 мин	**Ұйымдастыру кезеңі:** Оқушылармен амандасу, түгендеу **Психологиялық ахуал туғызу** «Шаттық шеңбері» Оқушылар **«Сыйлық»** әдісі арқылы бір-біріне жылы сөздер айтып,сыйлық табыстайды үш топқа бөлінеді 1-топ «Қатты» 2-топ «Сұйық» 3-топ «Газ» **1-ші тапсырма Үй тапсырмасын сұрау** Оқушыларға **«Educaplay»** платформасы арқылы тапсырма	Оқушылар бейнежазбадағы көрсетілген іс-қимылдарды жасап,бір-біріне сыйлық табыстайды Сұрақтарға жауап береді Өз сөмкесіндегі заттарға зерттеу жасайды. Заттардың қасиеттеріне қарай бөледі	Оқушылар экрандағы көрсетілген жаттығуларды жасайды.Үш топқа бөлінеді Жарайсың! Дескриптор: Айналасындағы дүниеге зерттеу жасай алады-1б Заттардың қасиеттерін біледі-1б	Интер тақта, Сыйлық тәріздес қиылған қағаз қиындылары Суреттер  

	беріліп, үй тапсырмасы сұралады **Жаңа сабақ** **Топтық жұмыс** **1 тапсырма**  **Жеке жұмыс** **2 тапсырма**  ***Функционалдық сауаттылық тапсырмасы*** **Жұптық жұмыс** **3 тапсырма** **Стаканға су құйып оған қантты салып бақылау. Су-еріткіш қасиетке ие.** **Қант қатты күйден жұмсақ күйге ауысты.**  **Жеке жұмыс** **«Umaigra» платформасы арқылы оқушыларға тест тапсырмалары беріледі** Қанттың қасиеті қандай? Қант қатты күйден жұмсақ күйге қалай ауысты? Судың қасиеті қандай? Тәжірибе жасау барысында судың дәмі өзгерді ме? **ҚБ тапсырмасын орындату**	Заттардың қасиеттерін атайды Дәптермен жұмыс жасайды Тәжірибе жасайды Судың еріткіштік қасиетін бақылайды Оқушылар тақтадағы сұрақтарға жауап береді	ҚБ: Тамаша! Дескриптор: Үдерістер туралы біледі-2б Үдеріске ұшыратын жұмысты бояйды-2б Дескриптор: Судың еріткіштік қасиетіне көз жеткізеді-2б Заттардың қалай өзгеретінін бақылай алады-2б **Дескриптор** Заттардың қасиеті қандай табады Дұрыс жауабын белгілейді **Жалпы балл: 2 бал**	Сөмке Сөмкедегі заттар Қағаздар Заттар тобын жазып алатын парақшалар Жұмыс дәптері Стакан Қант Қасық umaigra
Бекіту 2-минут Кері байланыс 3-минут	Сабақты қорытындылау Үйге тапсырма Оқушылардан **«Білім шамы»** әдісі арқылы кері байланыс алынады. Жалғастырыңыз: Маған ... қызықты болды Бұл ... қиындық туғызды Осы ... мені ойландырды 	Сабақтың тақырыбын қорытындылау Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Үй тапсырмасын жазып алу Оқушылар өз-өздерін **«Бәйге»** әдісі арқылы бағалайды	Оқулық Жауап парағы, 

Мукишев Шынтас Азирбаевич
Биология пәні мұғалімі
Қызылорда облысы Арал ауданы Абай ауылы

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ АРҚЫЛЫ БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕРІ

Аннотация: мақалада жасанды интеллект арқылы биология пәнін оқытудағы инновациялық әдістердің рөлі мен жасанды интеллект технологияларын тиімді қолдану мүмкіндіктері қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрландыру үдерісі жағдайында биологияны оқытудың жаңа тәсілдері, дербестендірілген оқыту модельдері, виртуалды зертханалар, интеллектуалды білім беру платформалары және білім алушылардың зерттеушілік құзыреттілігін дамытудағы жасанды интеллекттің әлеуеті ғылыми тұрғыдан талданады. Сонымен қатар мұғалімнің кәсіби қызметіндегі цифрлық трансформацияның ерекшеліктері мен болашақтағы даму бағыттары сараланады.

Кілт сөздер: биология, жасанды интеллект, инновациялық оқыту, цифрлық білім беру, виртуалды зертхана, зерттеушілік дағдылар, STEM білім беру, биоинформатика, білім беру технологиялары, дербестендірілген оқыту.

Қазіргі кезеңде білім беру жүйесі әлемдік цифрлық трансформация үдерістерінің ықпалымен қарқынды өзгерістерге ұшырауда. Ақпараттық технологиялардың дамуы оқыту мазмұнына ғана емес, білім беру әдістері мен құралдарына да түбегейлі өзгерістер енгізуде. Осындай жағдайда биология пәнін оқытуда инновациялық әдістерді пайдалану ерекше маңызға ие болып отыр. Себебі биология – тірі табиғаттың заңдылықтарын зерттейтін, ғылыми зерттеу мәдениетін қалыптастыратын және оқушылардың қоршаған орта туралы тұтас дүниетанымын дамытатын маңызды пәндердің бірі.

XXI ғасырдағы биология ғылымының дамуы бұрын-соңды болмаған қарқынға ие болды. Геномдық зерттеулер, молекулалық биология, биотехнология, жасушалық инженерия және биоинформатика салаларындағы жаңалықтар мектептегі биология пәнінің мазмұнын жаңаша қарастыруды талап етеді. Осындай күрделі ғылыми ақпараттарды оқушыларға түсінікті әрі қызықты түрде жеткізу үшін мұғалімдер инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді пайдалана білуі қажет.

Жасанды интеллект технологиялары қазіргі білім беру жүйесіндегі ең маңызды инновациялық бағыттардың біріне айналды. Жасанды интеллект үлкен көлемдегі ақпаратты талдауға, оқушылардың оқу ерекшеліктерін анықтауға және оқыту процесін дербестендіруге мүмкіндік береді. Биология пәнінде бұл технологиялар күрделі биологиялық құбылыстарды визуализациялау, тәжірибелерді модельдеу және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру барысында кеңінен қолданылуда.

Қазіргі биология сабақтарында оқушылар тек дайын ақпаратты қабылдаушы емес, ғылыми ізденуші рөлін атқаруы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда жасанды интеллект зерттеушілік оқытуды дамытуға жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Мысалы, оқушылар экологиялық деректерді талдау, климаттық өзгерістердің әсерін болжау немесе биологиялық популяциялардың даму динамикасын зерттеу барысында интеллектуалды аналитикалық құралдарды пайдалана алады. Бұл олардың ғылыми ойлауын қалыптастырып, деректермен жұмыс істеу қабілеттерін дамытады.

Жасанды интеллект негізіндегі білім беру платформалары әрбір оқушының оқу қарқыны мен білім деңгейіне сәйкес жеке білім беру траекториясын құруға мүмкіндік береді. Дәстүрлі оқытуда барлық оқушылар бірдей тапсырмаларды орындаса, интеллектуалды жүйелер әр білім алушының қажеттілігіне бейімделген тапсырмалар ұсына алады. Мұндай тәсіл оқыту сапасын арттырып қана қоймай, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын да күшейтеді.

Биологияны оқытудағы маңызды инновациялардың бірі – виртуалды зертханаларды пайдалану. Көптеген биологиялық тәжірибелерді мектеп жағдайында өткізу материалдық немесе қауіпсіздік талаптарына байланысты қиындық туғызуы мүмкін. Ал виртуалды зертханалар арқылы оқушылар күрделі зерттеулерді қауіпсіз ортада орындап, ғылыми эксперименттердің кезеңдерін толық меңгере алады. Жасанды интеллект бұл процесте оқушы әрекеттерін талдап, нақты ұсыныстар беруге мүмкіндік жасайды.

Қазіргі таңда биоинформатика саласы қарқынды дамып келеді. Биоинформатика – биология мен ақпараттық технологиялардың тоғысқан саласы. Жасанды интеллект құралдары генетикалық деректерді өңдеу, ақуыз құрылымдарын модельдеу және биологиялық жүйелерді зерттеу барысында кеңінен қолданылады. Сондықтан мектеп биологиясында осы бағыттардың элементтерін енгізу оқушыларды болашақ ғылым жетістіктерімен ерте таныстыруға мүмкіндік береді.

Инновациялық оқыту жағдайында мұғалімнің рөлі де өзгеруде. Бұрын мұғалім ақпараттың негізгі көзі болса, қазіргі таңда ол оқушылардың оқу қызметін ұйымдастырушы, кеңесші және бағыттаушы ретінде әрекет етеді. Жасанды интеллект құралдары көптеген техникалық жұмыстарды автоматтандырғанымен, педагогтің шығармашылық және тәрбиелік қызметін алмастыра алмайды. Керісінше, мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі жаңа деңгейге көтеріледі.

Биология сабақтарында жасанды интеллект негізінде интерактивті модельдерді пайдалану күрделі процестерді түсіндірудің тиімді жолдарының бірі болып табылады. Мысалы, фотосинтез, жасушалық тыныс алу, генетикалық тұқымқуалаушылық немесе экожүйелердегі энергия айналымы сияқты күрделі тақырыптарды үшөлшемді анимациялар арқылы түсіндіру оқушылардың оқу материалын терең меңгеруіне ықпал етеді. Мұндай визуализация есте сақтауды жақсартып, ғылыми ұғымдардың мәнін түсінуді жеңілдетеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде деректерге негізделген оқыту тұжырымдамасы кеңінен дамуда. Жасанды интеллект оқушылардың оқу жетістіктері туралы үлкен көлемдегі ақпаратты талдап, олардың біліміндегі олқылықтарды анықтай алады. Бұл мұғалімге нақты оқушылармен немесе топтармен жүргізілетін жұмысты тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Нәтижесінде білім беру процесінің сапасы артып, оқу нәтижелері жақсарады.

Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда STEM-білім беру тұжырымдамасы ерекше маңызға ие. Биология пәні физика, химия, математика және информатикамен тығыз байланыста болғандықтан, жасанды интеллект технологиялары STEM жобаларын ұйымдастыруда кең мүмкіндіктер ашады. Оқушылар ғылыми жобалар әзірлеу барысында бағдарламалау элементтерін, деректерді талдау әдістерін және математикалық модельдеуді пайдалану арқылы кешенді құзыреттіліктер қалыптастырады.

Экологиялық білім беру қазіргі қоғамдағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Климаттың өзгеруі, биоалуантүрліліктің азаюы және қоршаған ортаның ластануы сияқты жаһандық мәселелерді түсіндіруде жасанды интеллект технологиялары маңызды рөл атқарады. Оқушылар нақты экологиялық деректермен жұмыс істеп, түрлі сценарийлерді модельдеу арқылы табиғи процестердің өзара байланысын тереңірек түсінеді.

Жасанды интеллект технологиялары инклюзивті білім беру мүмкіндіктерін де кеңейтеді. Әртүрлі білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін бейімделген оқу материалдарын әзірлеу, визуалды қолдау құралдарын пайдалану және жеке оқыту бағдарламаларын құру білім берудің қолжетімділігін арттырады. Бұл әрбір оқушының толыққанды білім алуына жағдай жасайды.

Қазіргі уақытта әлемдік білім беру тәжірибесінде генеративті жасанды интеллект құралдары кеңінен қолданылуда. Бұл технологиялар мәтіндер, иллюстрациялар, модельдер және интерактивті тапсырмалар жасауға мүмкіндік береді. Биология пәнінің мұғалімдері осы құралдарды пайдалану арқылы оқу материалдарын жаңартып, оқушылардың қызығушылығын арттыра алады. Сонымен қатар білім алушылар ғылыми мәтіндерді талдау, сұрақтар құрастыру және зерттеу жұмыстарын жоспарлау барысында жасанды интеллекттің көмегін пайдалана алады.

Алайда жасанды интеллект технологияларын қолдану барысында академиялық адалдық мәселесіне ерекше назар аудару қажет. Оқушылар цифрлық құралдарды дайын жауап алу үшін емес, білімді терең меңгеру және зерттеу дағдыларын дамыту мақсатында пайдалануы тиіс. Осыған байланысты мұғалімдердің цифрлық этика мәселелерін түсіндіруі маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Болашақта биологияны оқыту жасанды интеллект, кеңейтілген шынайылық, виртуалды шынайылық және интеллектуалды білім беру жүйелерінің ықпалымен одан әрі дамитын болады. Бұл технологиялар оқушылардың ғылыми сауаттылығын арттырып, күрделі биологиялық құбылыстарды терең түсінуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар білім алушыларды болашақтың жоғары технологиялық мамандықтарына даярлауда маңызды құралға айналады.

Жасанды интеллект технологияларының білім беру саласына енуі биология пәнін оқытудың әдіснамалық негіздерін де жаңаша қарастыруға мүмкіндік беруде. Қазіргі уақытта әлемдік білім беру жүйесінде оқушылардың білім көлемін меңгеруінен гөрі олардың функционалдық сауаттылығын, ғылыми ойлауын және зерттеу мәдениетін қалыптастыруға басымдық берілуде. Биология пәні осы міндеттерді жүзеге асыруға қолайлы пәндердің бірі болғандықтан, жасанды интеллект құралдарын пайдалану арқылы оқушылардың нақты өмірлік мәселелерді ғылыми тұрғыдан талдау қабілеттерін дамытуға ерекше жағдай жасалады.

Соңғы жылдары халықаралық білім беру тәжірибесінде «ақылды оқыту ортасы» ұғымы кеңінен қолданыла бастады. Ақылды оқыту ортасы білім алушының әрекеттерін талдап, оның қажеттіліктеріне сәйкес оқу материалдарын автоматты түрде бейімдей алатын цифрлық жүйелер жиынтығын білдіреді. Биология сабақтарында мұндай орталар оқушылардың тақырыптарды меңгеру деңгейін анықтап, қосымша түсіндірулер, бейнематериалдар немесе тәжірибелік тапсырмалар ұсынуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде әрбір оқушы өзінің жеке мүмкіндіктеріне сәйкес білім алады.

Қазіргі биология ғылымының қарқынды дамып келе жатқан бағыттарының бірі – жүйелік биология. Бұл сала тірі ағзаларды жеке бөліктердің жиынтығы ретінде емес, өзара байланысқан күрделі жүйе ретінде зерттейді. Жасанды интеллект технологиялары осындай күрделі биологиялық жүйелерді модельдеуге мүмкіндік береді. Биология сабақтарында оқушылар жасуша, ағза немесе экожүйе деңгейіндегі процестердің өзара байланысын цифрлық модельдер арқылы зерттей алады. Мұндай тәсіл оқушылардың жүйелі ойлау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді.

Білім беру жүйесіндегі тағы бір маңызды жаңашылдық – болжамдық аналитика технологиялары. Бұл технологиялар оқушылардың оқу нәтижелерін алдын ала болжауға және олардың оқу барысында кездесуі мүмкін қиындықтарды ерте кезеңде анықтауға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект жүйелері оқушылардың тапсырмаларды орындау жылдамдығын, қателер сипатын және оқу белсенділігін талдау арқылы олардың даму траекториясын құра алады. Мұндай мүмкіндіктер биология мұғаліміне жеке қолдау жұмыстарын дер кезінде ұйымдастыруға көмектеседі. Осылайша, биологияны оқытудағы инновациялық әдістер мен жасанды интеллект технологиялары білім беру процесінің сапасын жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Бұл технологиялар оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытып, ғылыми дүниетанымын қалыптастырады және олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан қазіргі биология мұғалімі цифрлық құзыреттілігі жоғары, инновациялық технологияларды еркін меңгерген және білім беру үрдісін заманауи талаптарға сай ұйымдастыра алатын кәсіби маман болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Пасечник В.В. Теория и методика обучения биологии. – Москва: Просвещение, 2023. – 352 с.

2. Пономарева И.Н. Современное биологическое образование. – Санкт-Петербург: Питер, 2022. – 416 с.

Серикбай Сымбат Байдаулетқызы[1] **-** 11-сынып оқушысы
Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі **Касымова Гульмира Набиевна**[2]
[1,2]"Достық" жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы



ҰЛЫЛАРДЫҢ ҰЛЫ БОЛУЫ - ҰСТАЗДАН

«Алты Алаштың басын қосса, қадірлі орын – мұғалімдікі» деген Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаевтың сөзі – ғасырлар бойы маңызын жоймаған, ұстаздық еңбектің қадір-қасиетін айқындайтын басты қағида. Әлем тарихында аты қалған қайбір ұлы тұлғаны алсақ та, оның артында жол сілтеп, бағыт берген ұлағатты ұстаздың тұрғаны бесенеден белгілі.

Алғашқы ұстаз берген білім мен тәрбие – адамның болашақтағы жетістіктерінің берік іргетасы. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы, ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов, хәкім Абай, әлемнің екінші ұстазы атанған Әл-Фараби, отты ақын Мағжан Жұмабаев – бәрі де алдымен ұстаз көріп, содан соң барып өз заманының біртуар нар тұлғаларына айналды. Шығыстың ұлы данышпаны Әл-Фарабидің өзі Аристотельді рухани ұстаз тұтқан. Сондай-ақ Шәкәрімді шыңдаған Абайдың тәлімі екенін, Мағжанға тағылым берген әкесі Бекен, атасы Жұмабай мен Алаш зиялылары екенін ескерсек, ұлылықтың бастауы ұстаздан екені – даусыз ақиқат.

Бүгінгі таңда «мұғалім» мен «ұстаз» ұғымдарының арасында ішкі айырмашылық бар. Мұғалім – оқушыға белгілі бір пән бойынша білім беріп, оның академикалық деңгейін қалыптастыратын мамандар. Ал ұстаз – шәкіртке тек білім беріп қана қоймай, оның бойына адамгершілік дәнін себетін, рухани жол сілтейтін тұлға. Ол – шәкіртінің толыққанды азамат болып қалыптасуына тікелей ықпал етеді.

Ахмет Байтұрсынұлының «Балам дейтін жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын?» деген сөзі заманауи білім беру кеңістігінде «ұстаз» болудың қаншалықты жауапты әрі сирек кездесетін қасиет екенін ұқтырады. Осы орайда, «Достық» мектебінің беткеұстар ұстаздарының бірі – Гүлмира Нәбиқызының еңбегін ерекше атап өтуге болады. Ол талай шәкіртке білім нәрін сеуіп қана қоймай, олардың өз болмысын табуына жол ашқан шынайы рухани ұстаз. Бойындағы қайсарлығы мен даналығы, ізденімпаздығы әрбір көзқарасынан байқалады.

Орыс педагогі Константин Ушинский: «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп оқығанда ғана мұғалім», – десе, Ахмет Байтұрсынұлы: «Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі де сондай болмақ», – деп тұжырымдаған. Демек, қоғамның өркениетті болуы мен елдің болашағы тікелей ұстаздың біліктілігі мен парасатына байланысты.

Қорыта айтқанда, ұлылыққа баратын жол ұстаздың еңбегінен бастау алады. Шәкіртін өзінен озық етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың басты мұраты. Ұстаз – терең құрмет пен сенімге негізделген ұлы ұғым. Сондықтан тарихтағы ұлы тұлғалардың жетістігі – ұлағатты ұстаздардың төккен маңдай тері мен өлшеусіз еңбегінің жемісі.

Бижанова Карлыгаш Бактыбаевна[1] - ф-м.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Молдагалиева Шахноза Кобланқызы[2] - «Физика» білім беру бағдарламасы бойынша 2 курс магистранты
[1,2]Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қаласы

НЕГІЗГІ МЕКТЕПТЕ ФИЗИКА САБАҚТАРЫН ДАМЫТА ОҚЫТУ НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Қазіргі физикалық білім берудің мақсаты білім алушыға ғылыми ақпарат пен формулалар жүйесін меңгертумен ғана шектелмейді. Оқушы табиғат құбылыстарын ғылыми тұрғыдан түсіндіруі, олардың себеп-салдарлық байланыстарын анықтауы, болжам ұсынуы, оны эксперимент арқылы тексеруі, алынған деректерді талдауы және негізделген қорытынды жасауы тиіс. Бұл міндет негізгі мектепте ерекше маңызға ие, өйткені 7–9-сыныптарда физикалық ұғымдар мен заңдардың жүйесі қалыптасып, ғылыми танымның бастапқы әдістері меңгеріледі.

Қазақстан Республикасының негізгі орта білім беру деңгейіндегі 7–9-сыныптарға арналған «Физика» пәнінің мазмұны қолданыстағы үлгілік оқу бағдарламасымен анықталады [1]. Бағдарламадағы пәндік мазмұнды нәтижелі меңгеру оқушының теориялық білімін есептік, эксперименттік және зерттеушілік әрекетпен байланыстыруды қажет етеді.

Түсіндірмелі-репродуктивті оқытуда білім алушы көбіне мұғалім ұсынған дайын заңдылықты қабылдап, формуланы үлгі бойынша қолданады. Мұндай тәсіл пәндік білім қалыптастырғанымен, оқушының білімнің пайда болу логикасын түсінуін, проблеманы өздігінен шешуін және меңгерген әрекет тәсілін жаңа жағдайға көшіруін толық қамтамасыз ете бермейді. Сондықтан физиканы оқытуда білімді игеру мен оқушының интеллектуалдық дамуын өзара бірлікте қарастыратын дамыта оқыту технологиясын қолдану әдістемелік тұрғыдан өзекті.

Зерттеуде ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді теориялық талдау, нормативтік құжаттарды зерделеу, салыстыру, жүйелеу, педагогикалық модельдеу және физикалық оқу тапсырмаларын дидактикалық талдау әдістері қолданылды.

Дамыта оқытудың психологиялық негіздері Л.С. Выготскийдің оқыту мен дамудың арақатынасы туралы мәдени-тарихи теориясымен байланысты. Оның тұжырымдамасында нәтижелі оқыту баланың қол жеткізген даму деңгейін бекітумен шектелмей, оның алдағы интеллектуалдық дамуына бағдарлануы тиіс [8]. Бұл идея Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың оқу әрекеті теориясында жалғасын тапты. В.В. Давыдов дамыта оқытудың маңызды нәтижесі ретінде теориялық ойлаудың қалыптасуын қарастырып, білім алушыны дайын ережені қабылдаушы емес, оқу міндетін шешу барысында зерттелетін объектінің маңызды қатынастарын анықтайтын субъект ретінде сипаттайды [2; 9].

Осы тұрғыдан дамыта оқытуды проблемалық сұрақтар жиынтығымен немесе жекелеген белсенді әдістермен теңестіруге болмайды. Проблемалық жағдаят – оқушының дамытушы оқу әрекетін іске қосатын бастапқы дидактикалық тетік. Ал дамыта оқытудың тұтас логикасы оқу міндетін анықтауды, шешу тәсілін іздеуді, болжам ұсынуды, оны тексеруді, нәтижені теориялық жалпылауды және оқу әрекетіне рефлексия жасауды қамтиды.

Физика пәні бұл технологияны қолдануға қолайлы, өйткені физикалық білімнің қалыптасуы ғылыми таным логикасымен тікелей байланысты: бақылау → проблема → болжам → эксперимент → деректерді талдау → заңдылық → модель → қолдану.

Демек, физиканы дамыта оқытудың әдістемелік мәні физикалық заңды дайын түрде хабарлаудан бұрын оқушыны сол заңдылықты анықтауға мүмкіндік беретін танымдық әрекетке енгізуден тұрады. Физикадағы проблемалық және зерттеушілік оқытуға арналған зерттеулер мұндай әрекеттің пәндік нәтижелермен қатар проблеманы шешу, ғылыми үдерістік дағдылар, сыни және шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту әлеуетін көрсетеді [3–7].

Негізгі мектепте физиканы дамыта оқыту ортақ оқу мақсатын сақтай отырып, білім алушыны білімді іздеу, негіздеу және жаңа жағдайда қолдану әрекетіне жүйелі енгізуге бағытталуы тиіс. Осыған сәйкес жеті кезеңнен тұратын құрылымдық-әдістемелік модель ұсынылады (1-кесте).

Кесте 1. Физиканы дамыта оқытудың құрылымдық-әдістемелік моделі

Кезең	**Білім алушының әрекеті**	**Мұғалімнің әрекеті**	**Дамытылатын нәтиже**
Проблемалық жағдаят	қайшылықты байқайды	тәжірибе, факт немесе проблемалық сұрақ ұсынады	танымдық қызығушылық
Оқу міндеті	проблеманы тұжырымдайды	бағыттаушы сұрақтар береді	проблеманы анықтау
Болжам	түсіндіру нұсқасын ұсынады	болжамды негіздеуге бағыттайды	логикалық ойлау
Зерттеу әрекеті	эксперимент жүргізіп, дерек жинайды	зерттеу ортасын ұйымдастырады	зерттеушілік дағды
Модельдеу және дәлелдеу	заңдылықты анықтап, модель құрады	теориялық жалпылауға бағыттайды	теориялық ойлау
Жаңа жағдайда қолдану	білімін өзгертілген жағдайда пайдаланады	трансферлік тапсырма ұсынады	білімді тасымалдау
Рефлексия	әрекет тәсілі мен нәтижесін бағалайды	өзіндік бағалауды ұйымдастырады	метатанымдық дағды

Модельдің әдістемелік алгоритмі: проблемалық жағдаят → оқу міндеті → болжам → зерттеу әрекеті → модельдеу және дәлелдеу → жаңа жағдайда қолдану → рефлексия.

Бұл құрылымда мұғалімнің функциясы дайын білімді хабарлаудан білім алушының танымдық әрекетін жобалау мен басқаруға ауысады.

Дамытушы тапсырмалардың мазмұны да осы логикаға сәйкес құрылуы қажет. Мұндай тапсырма оқушыдан бұрын меңгерген алгоритмді қайталауды ғана емес, жаңа байланысты анықтауды немесе әрекеттің жаңа тәсілін іздеуді талап етеді. Физика сабағында проблемалық, зерттеушілік, модельдік және трансферлік тапсырмаларды өзара сабақтастыра қолдану тиімді. Олардың жалпы логикасын «Неліктен? → Қалай тексеруге болады? → Қандай заңдылық анықталды? → Оны қалай модельдейміз? → Басқа жағдайда қалай қолданамыз?» жүйесімен көрсетуге болады.

Мысалы: «Жылу берілу түрлері» тақырыбын дамыта оқыту

Әдістемелік модельді 8-сыныптағы «Жылу берілу түрлері» тақырыбы мысалында қарастырайық.

Сабақтың мақсаты: жылу өткізгіштік, конвекция және сәуле шығару механизмдерін түсіндіру және оларды күнделікті өмірдегі физикалық құбылыстарды талдауда қолдану.

Сабақтың бастапқы кезеңінде мұғалім бөлме температурасында ұзақ уақыт тұрған металл және ағаш денелерді ұсынады: «Екі дененің температурасы бірдей болса, неліктен металл қолға ағаштан суығырақ сезіледі?»

Бұл сұрақ білім алушының күнделікті түсінігі мен ғылыми түсіндіру қажеттілігі арасында проблемалық жағдаят туғызады. Оқушылардың бастапқы жауаптарынан кейін «Температура мен дененің жылуды беру немесе қабылдау жылдамдығы бір ұғым ба?» деген бағыттаушы сұрақ арқылы оқу міндеті нақтыланады: «Денелер арасындағы жылу берілу жылдамдығы қандай факторларға тәуелді?».

Оқушылар металл жылуды жақсы өткізеді, ал ағаш жылуды баяу өткізеді деген болжамдар ұсынады. Болжамды тексеру үшін әртүрлі материалдардың жылу өткізгіштігін салыстыруға арналған қарапайым эксперимент жоспарланады. Білім алушылар зерттеу сұрағын нақтылап, салыстырылатын шамаларды анықтайды, бақылау нәтижелерін кестеге түсіріп, олардың бастапқы болжаммен сәйкестігін талдайды.

Эксперименттік деректер негізінде жылу өткізгіштік ұғымы қалыптастырылып, энергияның жоғары температуралы аймақтан төмен температуралы аймаққа берілуі бөлшектер моделі арқылы түсіндіріледі. Одан әрі жылу берілудің үш түрі салыстырылады (2-кесте).

Кесте 2. Жылу берілу түрлерінің физикалық механизмдері және олардың сипаттамалары

Жылу берілу түрі	**Физикалық механизм**	**Негізгі орта**	**Мысал**
Жылу өткізгіштік	бөлшектер арасындағы энергия алмасуы	негізінен қатты денелер	металл қасықтың қызуы
Конвекция	зат ағындарының қозғалысы	сұйықтар мен газдар	жылы ауаның жоғары көтерілуі
Сәуле шығару	электромагниттік сәуле арқылы энергия берілуі	вакуумда да жүзеге асады	Күннен Жерге энергияның берілуі

Меңгерілген білімді жаңа жағдайда қолдану үшін: «Термостың құрылысы жылу берілуінің үш түрін қалай азайтады?»

деген трансферлік тапсырма беріледі. Оқушы термостың құрылымдық элементтерін жылу өткізгіштік, конвекция және сәуле шығару механизмдерімен байланыстырып түсіндіреді.

Зерттеушілік деңгейін күшейту үшін: «Жылуды барынша ұзақ сақтайтын контейнер моделін ұсыныңыз және материал таңдауыңызды физикалық тұрғыдан негіздеңіз» деген тапсырма қолдануға болады. Бұл тапсырмада білім алушы меңгерген заңдылықтарды жаңа объектіні модельдеуге көшіреді.

Сабақ соңындағы рефлексия: «Бастапқыда мен ... деп ойладым; зерттеу нәтижесінде ... анықтадым; менің қорытындымды дәлелдейтін дерек ...» құрылымымен жүргізіледі. Нәтижесінде оқушы тек меңгерілген мазмұнды емес, өзінің білімге жету жолын да саналы талдайды.

Дамыта оқыту жағдайында бағалау пәндік нәтижемен қатар білім алушының ойлау және зерттеу әрекетінің сапасын қамтуы қажет. Осыған байланысты келесі критерийлер ұсынылады (3-кесте.

Кесте 3. Бағалау жүйесі

Бағалау критерийі	**Күтілетін әрекет**
Проблеманы анықтау	физикалық құбылыстағы негізгі қайшылықты анықтайды
Болжам ұсыну	тексеруге болатын ғылыми болжам жасайды
Зерттеуді жоспарлау	айнымалыларды анықтап, эксперимент ретін құрады
Деректерді талдау	бақылау немесе өлшеу нәтижесінен заңдылық анықтайды
Модельдеу	құбылысты сызба, график немесе физикалық модель арқылы сипаттайды
Дәлелдеу	қорытындысын деректер мен физикалық заңдылықтар арқылы негіздейді
Білімді тасымалдау	меңгерген білімін жаңа жағдайда қолданады
Рефлексия	өзінің әрекет тәсілі мен нәтижесін бағалайды

Қалыптастырушы бағалауда мұғалімнің кері байланысы «дұрыс/бұрыс» деңгейімен шектелмеуі тиіс. «Қандай дерек болжамыңды растайды?», «Басқа түсіндіру болуы мүмкін бе?», «Қандай айнымалыны тұрақты ұстау қажет?», «Бұл қорытындыны басқа жағдайға қолдануға бола ма?» сияқты сұрақтар білім алушының ойлау әрекетін жалғастырады.

Осылайша бағалау тек нәтижені тіркейтін құрал емес, дамытушы оқу әрекетінің құрамдас механизміне айналады.

Ұсынылған әдістеменің нәтижелілігін тексеру үшін квазиэксперименттік зерттеу дизайнын қолдануға болады. Эксперимент анықтаушы, қалыптастырушы және бақылаушы кезеңдерден тұрады.

Анықтаушы кезеңде эксперименттік және бақылау сыныптарындағы білім алушылардың бастапқы көрсеткіштері диагностикаланды. Диагностика физикалық ұғымдарды түсіну, себеп-салдарлық байланысты анықтау, проблеманы шешу, болжам ұсыну және зерттеу әрекетін жоспарлау компоненттерін қамтылды. Бұл кезеңде топтардың бастапқы жағдайы салыстырылды.

Қалыптастырушы кезеңде эксперименттік топтағы физика сабақтары ұсынылған «проблемалық жағдаят – оқу міндеті – болжам – зерттеу әрекеті – модельдеу және дәлелдеу – жаңа жағдайда қолдану – рефлексия» моделі бойынша жүйелі ұйымдастырылды. Бақылау тобында сол оқу мақсаттары мектептің қалыпты оқыту жағдайында оқытылды. Салыстырудың әдістемелік дұрыстығы үшін екі топта оқу мазмұны, оқу уақыты және қорытынды бағалау критерийлері барынша сәйкестендірілді.

Бақылаушы кезеңде бастапқы диагностика құрылымына сәйкес қорытынды жұмыс жүргізілді. Нәтижелілік пәндік біліммен қатар себеп-салдарлық байланысты анықтау, проблеманы шешу, болжам жасау, эксперимент жоспарлау, модельдеу, білімді жаңа жағдайда қолдану және рефлексия көрсеткіштерінің динамикасы арқылы бағаланды.

Нақты эмпирикалық деректер алынған жағдайда эксперименттік және бақылау топтарының бастапқы және қорытынды нәтижелері тиісті статистикалық әдістермен салыстырылды. Ұсынылған эксперимент құрылымы мектеп жағдайындағы кейінгі эмпирикалық апробацияға арналған зерттеу дизайны ретінде қарастырылды.

Ұсынылған әдістеменің ерекшелігі пәндік білім мен білім алушының танымдық дамуын өзара бірлікте қарастыруында. Физикалық заңдылықты меңгеру барысында оқушы сол білімге жеткізетін ғылыми таным тәсілдерін – проблеманы анықтау, болжам жасау, эксперименттік тексеру, деректерді талдау, модельдеу, дәлелдеу және рефлексияны да игерді.

Физикадағы проблемалық оқыту бойынша жүйелі зерттеулер мұндай оқу әрекетінің академиялық жетістікпен қатар проблеманы шешу, сыни және шығармашылық ойлау, ғылыми үдерістік дағдыларды дамыту әлеуетін көрсетеді [3–7]. Алайда проблемалық оқытудың эмпирикалық нәтижелерін дамыта оқыту технологиясының тұтас теориясын тікелей дәлелдеу ретінде қабылдауға болмайды. Олар ұсынылған модельдің проблемалық-зерттеушілік компоненттерінің ғылыми негізділігін күшейтетін деректер ретінде қарастырылды.

Әдістемені мектеп тәжірибесіне енгізуде проблемалық жағдаятты оқу мазмұнынан табиғи түрде туындату, зерттеу әрекетіне жеткілікті уақыт бөлу, оқушының орнына дайын қорытынды бермеу және оқу бағдарламасының уақыттық шектеулерін сақтау маңызды. Сондықтан дамыта оқытуды дамытушы сұрақ → проблемалық тапсырма → сабақ фрагменті → толық сабақ → тақырыптар жүйесі логикасымен кезең-кезеңмен енгізу орынды.

Негізгі мектепте физика пәнін оқытуда дамыта оқыту технологиясын қолдану пәндік білімді меңгерту мен білім алушының интеллектуалдық дамуын біртұтас педагогикалық үдерісте ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оның негізгі әдістемелік тетіктері ретінде проблемалық жағдаят туындату, оқу міндетін анықтау, болжам ұсыну, эксперименттік зерттеу, физикалық модельдеу, дәлелдеу, білімді жаңа жағдайда қолдану және рефлексия айқындалды.

Ұсынылған «проблемалық жағдаят – оқу міндеті – болжам – зерттеу әрекеті – модельдеу және дәлелдеу – жаңа жағдайда қолдану – рефлексия» моделі білім алушыны дайын ақпаратты

қабылдаушыдан физикалық құбылысты зерттеп, білімді саналы түрде құрастыратын оқу субъектісіне айналдыруға бағытталған.

Дамыта оқытудың нәтижелілігі тек пәндік үлгеріммен емес, физикалық ұғымдарды саналы меңгеру, себеп-салдарлық байланысты анықтау, проблема шешу, болжам жасау, эксперимент жоспарлау, модельдеу, дәлелдеу, білімді жаңа жағдаятқа көшіру және рефлексия жасау қабілеттерінің дамуымен бағалануы тиіс.

Демек, дамыта оқыту физика сабағында қолданылатын жекелеген әдістер жиынтығы емес, оқу мақсаты, проблемалық тапсырма, эксперимент, модельдеу, қалыптастырушы бағалау және рефлексия өзара байланысқан тұтас әдістемелік жүйе. Оны жүйелі қолдану негізгі мектеп оқушыларының ғылыми дүниетанымын, физикалық ойлауын, зерттеушілік мәдениетін және дербес оқу әрекетін дамытуға әдістемелік негіз жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7–9-сыныптарына арналған «Физика» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына 57-қосымша.

2. Davydov, V. V. The Concept of Developmental Teaching // Journal of Russian & East European Psychology. 2024. Vol. 36, No. 4. P. 11–36.

3. Nicholus, G., Muwonge, C. M., Joseph, N. The Role of Problem-Based Learning Approach in Teaching and Learning Physics: A Systematic Literature Review // F1000Research. 2023. Vol. 12. Article 951.

4. Fadilah, A. N., Suwarna, I. P., Hertanti, E. The Effect of Problem-Based Learning on Science Literacy in Physics Education: A Meta-Analysis // Journal of Teaching and Learning Physics. 2025. Vol. 10, No. 2. P. 154–164.

5. Astutik, R. D., Jauhariyah, M. N. R. Studi Meta Analisis Problem Based Learning dalam Pembelajaran Fisika // ORBITA: Jurnal Pendidikan dan Ilmu Fisika. 2024. Vol. 7, No. 1.

6. Dewi, W. S., Siregar, R., Putra, A., Hidayati. The Effect of Problem-Based Learning Model on Students' Physics Problem Solving Ability: A Meta-Analysis // Jurnal Penelitian Pendidikan IPA. 2023. Vol. 9, No. 4. P. 2103–2109.

7. Nazifah, N., Amir, H. T., Hidayatullah, S. The Effect of the Problem Based Learning on Students Science Process Skills in Learning Physics: A Meta Analysis // Jurnal Pendidikan MIPA. 2022. Vol. 23, No. 2. P. 651–660.

8. Выготский, Л. С. Педагогическая психология. – Москва: Педагогика-Пресс, 2020.

9. Давыдов, В. В. Теория развивающего обучения. – Москва: ИНТОР, 2022.

10. Эльконин, Д. Б. Избранные психологические труды. – Москва: Педагогика, 2021.

Абилкаир Дангүл Беккалкызы
«Физика» білім беру бағдарламасы бойынша 2 курс магистранты
Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қаласы

БЕЙІНДІК СЫНЫПТАРДА САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Мақалада бейіндік сыныптарда саралап оқыту технологиясын қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері мен тиімді жолдары қарастырылады. Бейіндік оқыту жағдайында білім алушылардың білім деңгейі, қабілеті, қызығушылығы, оқу мотивациясы, танымдық белсенділігі және оқу қарқынының әртүрлі болуына байланысты оқу үдерісін саралап ұйымдастырудың қажеттілігі негізделеді. Саралап оқытудың негізгі бағыттары ретінде оқу мазмұнын, тапсырмалардың күрделілік деңгейін, оқыту әдістерін, педагогикалық қолдау көлемін және оқу қарқынын саралау мәселелері талданады. Мақалада деңгейлік тапсырмаларды әзірлеу, диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру, жеке, жұптық және топтық жұмыс түрлерін үйлестіру, қалыптастырушы бағалау, өзін-өзі және өзара бағалау, тиімді кері байланыс беру тәсілдерінің маңызы сипатталады. Сонымен қатар саралап оқытудың білім алушының жеке оқу траекториясын қалыптастыруға, дербестігін арттыруға, пәндік білімін тереңдетуге, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалы көрсетіледі. Саралап оқыту білім алушыларды тұрақты деңгейлерге бөліп қарастыру емес, олардың жеке оқу қажеттіліктеріне сәйкес педагогикалық қолдауды икемді ұйымдастыру тәсілі ретінде қарастырылады. Мақалада ұсынылған тәсілдер бейіндік сыныптарда оқу мотивациясын қолдауға, білім беру сапасын арттыруға және білім алушылардың болашақ білім алу әрі кәсіби бағытын саналы таңдауға жағдай жасауға бағытталған.

Кілт сөздер: бейіндік оқыту, саралап оқыту, білім алушының жеке ерекшеліктері, жеке оқу қажеттіліктері, деңгейлік тапсырмалар, оқу мотивациясы, танымдық белсенділік, оқу қарқыны, педагогикалық қолдау, оқу мазмұнын саралау, оқыту әдістері, диагностикалау, қалыптастырушы бағалау, кері байланыс, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, жеке оқу траекториясы, зерттеушілік қабілет, шығармашылық қабілет, кәсіби бағдар.

Қазіргі білім беру жүйесінде білім алушының жеке ерекшеліктерін, қабілетін, қызығушылығын және білім алу қажеттіліктерін ескеру оқыту үдерісін ұйымдастырудың маңызды педагогикалық талаптарының бірі болып табылады. Білім беру мазмұнының жаңаруы, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға қойылатын талаптардың күшеюі және олардың болашақ білім алу әрі кәсіби бағытын ерте кезеңнен айқындау қажеттілігі мектептегі оқыту тәсілдерін жетілдіруді талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, жоғары сыныптарда білім алушылардың пәндік қызығушылығы мен кәсіби бағдарын ескеруге мүмкіндік беретін бейіндік оқытудың маңызы артып отыр.

Бейіндік оқыту білім алушының белгілі бір білім саласына қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, жекелеген пәндерді тереңдетіп меңгеруіне мүмкіндік беретін оқыту жүйесі ретінде сипатталады. Оның негізгі ерекшелігі білім алушының болашақтағы білім алу және кәсіби бағытына сәйкес оқу мазмұнын таңдауға және оны терең меңгеруге жағдай жасауымен анықталады. Бейіндік сыныптарда пән мазмұнының күрделілігі артып, білім алушыдан жоғары деңгейдегі танымдық әрекеттерді жүзеге асыру талап етіледі. Осыған байланысты мұғалім оқу мазмұнын іріктеумен қатар, білім алушылардың жеке мүмкіндіктеріне сәйкес оқу үдерісін икемді ұйымдастыруы қажет.

Бейіндік сыныптардың маңызды ерекшеліктерінің бірі – бір бағытта білім алатын білім алушылардың бастапқы даярлық деңгейінің біркелкі болмауы. Олардың теориялық білімді меңгеру жылдамдығы, практикалық әрекетті орындау қабілеті, танымдық белсенділігі және шығармашылық мүмкіндіктері әртүрлі болуы мүмкін. Бір білім алушы күрделі теориялық

ұғымдарды жылдам меңгерсе, екіншісі негізгі білімді игергенімен, күрделі тапсырмаларды орындау барысында қосымша педагогикалық қолдауды қажет етеді. Сонымен қатар кейбір білім алушылар практикалық және шығармашылық тапсырмаларды орындауда жоғары нәтиже көрсеткенімен, теориялық материалды меңгеруде қиындықтарға тап болуы ықтимал.

Осы айырмашылықтар бейіндік сыныптарда оқыту үдерісін бірізді және бір ғана үлгі бойынша ұйымдастырудың шектеулі екенін көрсетеді. Барлық білім алушыға бірдей мазмұндағы, күрделіліктегі және көлемдегі тапсырмаларды ұсыну олардың жеке оқу қажеттіліктерін толық ескеруге мүмкіндік бермейді. Қабілеті жоғары білім алушы үшін қарапайым тапсырмалар оның танымдық белсенділігін төмендетуі мүмкін, ал оқу барысында қиындық көретін білім алушы үшін күрделі тапсырмалар оқу мотивациясының әлсіреуіне әкелуі ықтимал. Сондықтан бейіндік сыныптарда білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруге бағытталған педагогикалық технологияларды қолдану қажеттілігі туындайды.

Осындай технологиялардың бірі – саралап оқыту. Саралап оқыту білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқу үдерісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін педагогикалық тәсіл болып табылады. Оның негізгі қағидасы – барлық білім алушы үшін ортақ оқу мақсатын сақтай отырып, осы мақсатқа жетудің әртүрлі жолдарын ұйымдастыру. Бұл жағдайда білім алушының білім деңгейі, қабілеті, қызығушылығы, оқу мотивациясы және оқу қарқыны ескеріледі.

Саралап оқыту білім алушыларды тек қабілетіне қарай тұрақты топтарға бөлу ретінде қарастырылмайды. Ол оқу тапсырмаларының күрделілік деңгейін өзгерту, педагогикалық қолдаудың көлемін реттеу, оқу материалын меңгеру қарқынын ескеру, оқыту әдістерін түрлендіру, өздігінен білім алу деңгейін арттыру және бағалау тәсілдерін бейімдеу арқылы жүзеге асырылады. Осыған байланысты саралап оқыту мұғалімнен әр сабақта білім алушылардың оқу қажеттіліктерін талдап, соған сәйкес педагогикалық шешім қабылдауды талап етеді.

Бейіндік сыныптарда саралап оқытудың қажеттілігі білім алушылардың пәндік даярлығымен ғана шектелмейді. Олардың пәнге деген қызығушылығы, оқу мотивациясы, танымдық белсенділігі және болашақ кәсіби бағыты да әртүрлі болуы мүмкін. Бір білім алушы белгілі бір пәнді болашақ мамандығына қажетті болғандықтан терең меңгеруге ұмтылса, екіншісі сол пәнге шығармашылық қызығушылығы негізінде белсенділік танытуы мүмкін. Сондықтан саралап оқыту білім алушының жеке оқу қажеттіліктерін ескеруге және оқу мазмұнын оның танымдық мүмкіндіктерімен сәйкестендіруге бағытталады.

Саралап оқытудың маңызды педагогикалық мәні білім алушының қазіргі мүмкіндігі мен оның одан әрі даму әлеуетінің арасындағы сәйкестікті қамтамасыз етуде көрінеді. Осыған байланысты оқу тапсырмалары білім алушы үшін қолжетімді болғанымен, оның ойлау әрекетін дамытуға бағытталуы тиіс. Біртіндеп күрделенетін тапсырмалар білім алушының өз мүмкіндігін бағалауына, оқу жетістігін түсінуіне және келесі деңгейге өтуіне мүмкіндік береді.

Бейіндік пәндерді оқыту барысында деңгейлік тапсырмаларды қолдану саралап оқытудың тиімді тетіктерінің бірі болып табылады. Бұл жағдайда барлық білім алушыға ортақ тақырып пен оқу мақсаты ұсынылғанымен, тапсырмалардың күрделілік деңгейі әртүрлі белгіленеді. Бастапқы деңгейдегі тапсырмалар негізгі ұғымдар мен ережелерді меңгеруге және білімді қайта жаңғыртуға бағытталады. Орташа деңгейдегі тапсырмалар білімді қолдануды, салыстыруды және талдауды талап етеді. Ал жоғары деңгейдегі тапсырмалар проблемалық жағдаяттарды шешу, зерттеу жүргізу, болжам ұсыну, дәлелдеу және шығармашылық өнім әзірлеу сияқты күрделі танымдық әрекеттерді қамтиды.

Деңгейлік тапсырмаларды қолданудың негізгі мақсаты білім алушыны белгілі бір деңгейде бекітіп қою емес, оның біртіндеп күрделірек оқу әрекетіне өтуіне жағдай жасау болып табылады. Осыған байланысты тапсырмалардың күрделілігі білім алушының мүмкіндігінен тым төмен немесе шамадан тыс жоғары болмауы қажет. Тым жеңіл тапсырмалар танымдық белсенділіктің жеткіліксіз дамуына, ал шамадан тыс күрделі

тапсырмалар оқу әрекетін орындаудағы қиындықтардың артуына алып келуі мүмкін. Сондықтан тапсырмаларды әзірлеу барысында білім алушының қол жеткізген деңгейі мен оның әрі қарайғы даму мүмкіндігі арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды.

Саралап оқытуда педагогикалық қолдаудың сипаты мен көлемін өзгерту де маңызды. Оқу материалын өздігінен меңгере алатын білім алушыға мұғалім тарапынан жалпы бағыт-бағдар беру жеткілікті болуы мүмкін. Ал қосымша қолдауды қажет ететін білім алушыға түсіндіру, үлгі көрсету, алгоритм, жетекші сұрақтар немесе қосымша оқу ресурстары ұсынылады. Білім алушының дербестігі қалыптасқан сайын педагогикалық қолдау біртіндеп азайтылып, оның өздігінен оқу әрекетін ұйымдастыруына басымдық беріледі.

Саралап оқыту оқу мазмұнын ұсыну формаларын түрлендіру арқылы да жүзеге асырылады. Мәтіндік ақпаратпен қатар сызбалар, кестелер, диаграммалар, бейнематериалдар, практикалық мысалдар және цифрлық білім беру ресурстарын қолдану білім алушылардың оқу материалын әртүрлі жолмен қабылдауына мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл оқу мазмұнын меңгерудің қолжетімділігін арттырып, білім алушылардың ақпаратты қабылдау және өңдеу ерекшеліктерін ескеруге жағдай жасайды.

Бейіндік сыныптарда оқу әдістерін саралау да маңызды. Оқыту барысында түсіндірмелі-иллюстративтік, проблемалық, зерттеушілік, жобалық, практикалық және интерактивті әдістерді оқу мақсатына сәйкес үйлестіріп қолдануға болады. Теориялық материалды меңгеру кезеңінде түсіндіру мен көрнекілік әдістері басым қолданылса, білімді тереңдету кезеңінде проблемалық сұрақтар, пікірталас, зерттеу және жобалық жұмыстар тиімді ұйымдастырылады. Қосымша қолдауды қажет ететін білім алушылар үшін жетекші сұрақтар мен қадамдық нұсқаулықтар ұсынылса, дайындық деңгейі жоғары білім алушыларға дербестікті талап ететін ашық сипаттағы тапсырмалар беріледі.

Саралаудың тағы бір маңызды бағыты – білім алушылардың оқу қарқынын ескеру. Бір сыныптағы білім алушылардың тапсырманы орындау жылдамдығы мен оқу материалын меңгеруге жұмсайтын уақыты бірдей болмайды. Сондықтан сабақ барысында уақытты икемді жоспарлау қажет. Тапсырманы ерте орындаған білім алушыларға қосымша шығармашылық немесе зерттеушілік тапсырмалар ұсынылса, қосымша уақытты қажет ететін білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсетіледі. Бұл ретте оқу қарқынының баяулығын білім алушының қабілетінің төмендігімен тікелей байланыстыруға болмайды, себебі кейбір білім алушылар күрделі оқу материалын терең талдауға көбірек уақыт жұмсауы мүмкін.

Саралап оқыту жағдайында жеке, жұптық және топтық жұмыс түрлерін өзара үйлестіру де маңызды. Жеке жұмыс білім алушының өзінің оқу қарқынына сәйкес әрекет етуіне, біліміндегі олқылықтарды анықтауына және оларды толықтыруына мүмкіндік береді. Жұптық жұмыс барысында білім алушылар өзара пікір алмасып, оқу материалын бір-біріне түсіндіру және өзара бағалау арқылы меңгереді. Ал топтық жұмыс күрделі проблемаларды шешуге, зерттеу және жобалық тапсырмаларды орындауға қолайлы жағдай жасайды.

Саралап оқытуды ұйымдастыру білім алушылардың бастапқы оқу мүмкіндіктерін диагностикалаудан басталады. Мұғалім оқу жылының немесе белгілі бір тақырыптың басында диагностикалық тапсырмаларды пайдалану арқылы білім алушылардың білім деңгейін анықтай алады. Диагностика тек теориялық білімді емес, оны қолдану, талдау, салыстыру, қорытындылау және практикалық жағдайда пайдалану қабілеттерін де қамтуы тиіс. Сонымен қатар пәнге деген қызығушылық, оқу мотивациясы және өздігінен жұмыс істеу қабілеті сияқты ерекшеліктер де ескеріледі.

Диагностиканың нәтижелері білім алушыны тұрақты түрде белгілі бір деңгейге жатқызу үшін емес, оның қазіргі оқу мүмкіндігін анықтап, одан әрі даму бағытын белгілеу үшін қолданылады. Осы тұрғыдан алғанда, саралап оқыту білім алушының жеке оқу траекториясын динамикалық түрде қолдауға бағытталады. Мұндай тәсіл оқу жетістігін басқа білім алушылардың нәтижелерімен салыстырудан гөрі, білім алушының өзінің алдыңғы нәтижелерімен салыстыра отырып бағалауға мүмкіндік береді.

Бағалау мен кері байланыс саралап оқыту технологиясының ажырамас компоненттері болып табылады. Қалыптастырушы бағалау барысында мұғалім білім алушының оқу мақсатына қаншалықты жеткенін ғана емес, оның нақты жетістіктері мен кездескен қиындықтарын да анықтауы қажет. Кері байланыс білім алушыға оқу әрекетін талдауға және келесі қадамын жоспарлауға мүмкіндік береді. Сондықтан бағалау оқу нәтижесін тіркеу құралы ғана емес, білім алушының әрі қарайғы дамуын қамтамасыз ететін педагогикалық тетік ретінде қарастырылады.

Бағалау критерийлері мен дескрипторлардың нақты болуы білім алушының өз оқу нәтижесін түсінуіне ықпал етеді. Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау арқылы білім алушы меңгерген білімдері мен дағдыларын талдап, әрі қарай жетілдіруді қажет ететін бағыттарды анықтайды. Бұл оның рефлексиялық дағдыларын қалыптастырып, оқу әрекетін біртіндеп дербес басқаруына жағдай жасайды.

Саралап оқыту технологиясын тиімді ұйымдастыру өзара байланысты бірнеше компоненттен тұрады. Оларға білім алушылардың оқу мүмкіндіктерін диагностикалау, деңгейлік тапсырмаларды әзірлеу, оқу мазмұны мен оқыту әдістерін саралау, оқу қарқынын ескеру, жеке, жұптық және топтық жұмыс түрлерін үйлестіру, сондай-ақ сараланған бағалау мен нәтижелі кері байланысты ұйымдастыру жатады. Бұл компоненттердің өзара байланыста қолданылуы саралап оқытудың жүйелілігін қамтамасыз етеді.

Қорытындылай келе, бейіндік сыныптарда саралап оқыту технологиясын қолданудың негізгі педагогикалық мәні білім алушылар арасындағы айырмашылықтарды жоюда емес, олардың жеке ерекшеліктерін оқу үдерісін ұйымдастырудың табиғи факторы ретінде қабылдауда көрінеді. Бейіндік оқыту білім алушыға белгілі бір білім саласын терең меңгеруге мүмкіндік берсе, саралап оқыту осы білімді оның жеке мүмкіндіктеріне сәйкес меңгеруіне жағдай жасайды.

Саралап оқыту жүйелі ұйымдастырылған жағдайда білім алушылардың пәндік білімін тереңдетуге, танымдық белсенділігін арттыруға, оқу мотивациясын қолдауға, дербестігін қалыптастыруға және зерттеушілік әрі шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Осыған байланысты саралап оқыту технологиясын бейіндік сыныптарда қолдану білім беру сапасын арттыруға бағытталған маңызды педагогикалық шарттардың бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Унт И. Э. Индивидуализация и дифференциация обучения. – М. : Педагогика, 1990. – 192 с.
2. Якиманская И. С. Личностно-ориентированное обучение в современной школе. – М. : Сентябрь, 1996. – 96 с.
3. Tomlinson C. A. The differentiated classroom: responding to the needs of all learners. – 2nd ed. – Alexandria, VA : ASCD, 2014. – 208 p.
4. Black P., Wiliam D. Assessment and classroom learning // Assessment in Education: Principles, Policy & Practice. – 1998. – Vol. 5, № 1. – P. 7–74. – DOI: 10.1080/0969595980050102.
5. Wiliam D. Developing the theory of formative assessment // Educational Assessment, Evaluation and Accountability. – 2009. – Vol. 21. – P. 3–17. – DOI: 10.1007/s11092-008-9068-5.

Айбосынова Сырғаш Қуатқызы
География пәнінің оқытушысы, педагог-модератор
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Байқоңыр қаласы

МЕКТЕП ГЕОГРАФИЯСЫН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ ГЕОАҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ (ГИС) ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада заманауи білім беру кеңістігінде география пәнін оқытудың инновациялық әдістері, атап айтқанда геоақпараттық жүйелерді (ГИС) сабақ процесіне интеграциялау мәселелері қарастырылады. Оқушылардың кеңістіктік ойлау қабілетін, картографиялық сауаттылығын және зерттеушілік дағдыларын дамытудағы цифрлық құралдардың (ArcGIS, Google Earth, QGIS) рөлі талданады. Мақалада дәстүрлі картографиялық әдістер мен цифрлық технологиялардың айырмашылығы сараланып, мектепте ГИС-ті енгізудің педагогикалық шарттары мен күтілетін нәтижелері ұсынылған.

Түйін сөздер: географияны оқыту әдістемесі, ГИС-технологиялар, цифрлық білім беру, кеңістіктік ойлау, Google Earth, заманауи сабақ.

1. Кіріспе

XXI ғасырдағы білім беру парадигмасы оқушыларға дайын білімді беруден гөрі, оларды ақпаратты өздігінен іздеуге, талдауға және практикалық тапсырмаларды шешуге үйретуді талап етеді. География — кеңістік пен уақыт аралығындағы күрделі табиғи, әлеуметтік және экономикалық процестерді зерттейтін іргелі пән. Алайда, дәстүрлі оқулықтар мен статикалық қағаз карталар заманауи «цифрлық ұрпақтың» (Digital Natives) танымдық белсенділігін толық қанағаттандыра алмайды.

Осы орайда, оқу процесіне Геоақпараттық жүйелерді (ГИС) енгізу гео-білім беруді жаңғыртудың негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр. Халықаралық педагогикалық тәжірибеде ГИС технологияларын қолдану оқушылардың кеңістіктік интеллектін (spatial thinking) және сыни ойлауын дамытудың ең тиімді құралы ретінде танылған.

2. Мектеп географиясындағы ГИС-технологиялардың рөлі мен мүмкіндіктері

Геоақпараттық жүйелер — бұл кеңістіктік деректерді жинау, сақтау, талдау, визуализациялау және картаға түсіруге арналған кешенді компьютерлік бағдарламалар. Оларды сабақта қолдану бірнеше маңызды міндеттерді шешеді:

- **Динамикалық визуализация:** Оқушылар статикалық картаны қарап қана қоймай, жер бедерінің 3D моделдерін, климаттық өзгерістердің немесе урбанизацияның интерактивті динамикасын бақылай алады.
- **Көпқабатты талдау (Layer Analysis):** Google Earth немесе QGIS сияқты платформаларда халық тығыздығын, бедерді, өзен торын және экологиялық проблемаларды бір-біріне беттестіріп, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға болады.
- **Зерттеуге бағытталған оқыту (Project-based learning):** Оқушылар өз өңірінің немесе елді мекенінің экологиялық жағдайын, инфрақұрылымын зерттеп, өздерінің цифрлық карталарын жасай алады.

3. Дәстүрлі оқыту мен ГИС-интеграцияланған оқытуды салыстырмалы талдау

Дәстүрлі картографиялық әдістер мен цифрлық технологиялардың негізгі айырмашылықтары төмендегі кестеде жүйеленген:

Бағалау критерийлері	Дәстүрлі оқыту әдісі	ГИС-технологияларды қолдану
Оқу материалының форматы	Статикалық (оқулық, қағаз кескін картасы)	Динамикалық, интерактивті (векторлық/растрлық деректер)
Оқушының рөлі	Ақпаратты пассивті қабылдаушы	Белсенді зерттеуші, карта құрастырушы
Дағдыларды дамыту	Фактологиялық материалды есте сақтау	Кеңістіктік талдау, проблеманы шешу, цифрлық сауаттылық
Тақырыпты меңгеру дәрежесі	Теориялық деңгейде шектелу	Практикалық және қолданбалы мәнге ие болу

4. Практикалық іске асыру тетіктері мен педагогикалық тәсілдер

ГИС-технологияларды мектеп бағдарламасына сәтті енгізу үшін оларды кезең-кезеңімен қолданған тиімді:

- **Бастапқы деңгей (5–7 сыныптар):** Google Earth және StoryMaps сияқты қарапайым сервистерді пайдалану. Мұнда оқушылар жергілікті жердің координаталарын анықтауды, виртуальды саяхаттар жасауды және нысандардың қашықтығын өлшеуді үйренеді.
- **Орта деңгей (8–9 сыныптар):** Тематикалық интерактивті карталармен жұмыс (мысалы, ArcGIS Online). Экологиялық жағдайларды, климаттық белдеулерді немесе демографиялық өзгерістерді қабаттар бойынша талдау.
- **Жоғары деңгей (10–11 сыныптар):** QGIS сияқты ашық геоақпараттық бағдарламаларда шағын жобалар дайындау. Өз мектебінің, ауданының орналасу картасын жасау немесе көлік инфрақұрылымын оңтайландыру бойынша зерттеулер жүргізу.

5. Кедергілер мен оларды шешу жолдары

География сабағына ГИС-ті енгізуде біршама қиындықтар кездеседі. Олардың бастылары: мектептердегі компьютерлік техниканың жетіспеушілігі, арнайы бағдарламалардың күрделілігі және география пәні мұғалімдерінің АКТ-құзыреттілігінің төмендігі. Бұл мәселелерді шешу үшін мынадай қадамдар ұсынылады:

- Мұғалімдерге арналған ГИС-құралдарын меңгеру бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;
- Күрделі профессионалды бағдарламалардың орнына онлайн браузерлік және мобильді платформаларды (StoryMaps, ArcGIS Web-maps) белсенді пайдалану;
- Мектеп бағдарламасына геоақпараттика элементтерін кіріктірілген пән (STEM/STEAM) ретінде енгізу.

6. Қорытынды

География сабағында ГИС-технологияларды қолдану — бұл тек заманауи трендке еліктеу емес, заманауи географиялық білім берудің сапасын арттырудың стратегиялық бағыты. Геоақпараттық жүйелер пәнаралық байланысты (география, информатика, математика, экология) нығайтып, оқушылардың болашақ еңбек нарығында сұранысқа ие цифрлық дағдыларын қалыптастырады. Мақалада ұсынылған тәсілдерді оқу процесіне енгізу оқушылардың географияға деген қызығушылығын арттырып, олардың аналитикалық мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады.

Әдебиеттер тізімі (References)

1. Baker, T. R., & Kerski, J. J. (2014). Geographic Information Systems (GIS) in Secondary Education: Implications for Research and Practice. Journal of Geography, 113(2), 83-88.

2. Joseph, J. K. (2020). Spatial Thinking and GIS in Geography Education. Springer International Publishing.

Айткалиева Нурия Оралбаевна
Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, педагог-сарапшы
Алматы қаласы Білім басқармасының
"№106 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК ТӨРТ ДАҒДЫНЫ ДАМЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

Аннотация: мақалада қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тілдік төрт дағдыны дамытуға қатысты қосымша аспектілер қарастырылады. Атап айтқанда, критериалды бағалау, саралап оқыту, тілдік орта қалыптастыру, шығармашылық тапсырмалар, рефлексия және ата-анамен серіктестік мәселелері талданады. Автор тілдік дағдыларды кешенді дамыту арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жолдарын ұсынады.

Кілт сөздер: тілдік дағдылар, айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым, қазақ тілі, функционалдық сауаттылық, саралап оқыту, критериалды бағалау, тілдік орта

Қазіргі білім беру кеңістігінде тілдік құзыреттілікті қалыптастыру – тұлғаның жан-жақты дамуының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады, осы тұрғыдан алғанда қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің алдында тұрған басты міндет – оқушының тілдік төрт дағдысын кешенді түрде дамыту. Айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдылары өзара тығыз байланыста қалыптасатындықтан, оларды жеке-жеке емес, біртұтас жүйе ретінде қарастыру қажет. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі осы дағдыларды сабақ барысында үйлесімді кіріктіру арқылы оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталуы тиіс.

Осыған байланысты тілдік дағдыларды дамытудың тиімді әдістерін таңдау маңызды мәселе болып табылады, себебі дәстүрлі репродуктивті тәсілдер оқушының белсенді қатысуын толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан заманауи педагогикада коммуникативтік, әрекетке негізделген және тұлғаға бағдарланған әдістер кеңінен қолданылуда. Мұндай тәсілдер оқушыны тек білім алушы ретінде емес, тілдік әрекеттің белсенді субъектісі ретінде қалыптастырып, оның өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік береді.

Айтылым дағдысын жетілдіруде оқушының сөйлеу белсенділігін арттыруға бағытталған интерактивті әдістердің маңызы зор, себебі еркін сөйлеу қабілеті тәжірибе арқылы қалыптасады. Диалогтік оқыту, пікірталас, рөлдік ойындар, «ойлан-жұптас-бөліс» әдісі сияқты тәсілдер оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға тиімді ықпал етеді. Сонымен қатар мұғалім оқушының қателесуіне мүмкіндік беретін қолайлы психологиялық орта қалыптастыруы қажет, өйткені қорқыныш пен сенімсіздік айтылым дағдысының дамуын тежейді.

Айтылыммен тығыз байланысты тыңдалым дағдысы оқушының ақпаратты қабылдау, түсіну және өңдеу қабілетін қалыптастырады, сондықтан бұл бағытта жүйелі жұмыс жүргізу

қажет. Тыңдалым тапсырмаларын ұйымдастыруда әртүрлі аудио және бейнематериалдарды пайдалану, мәтін мазмұнын болжау, негізгі ойды анықтау, сұрақтарға жауап беру сияқты әдістер тиімді болып табылады. Мұғалім тыңдалым барысында оқушының белсенді тыңдаушы ретіндегі рөлін қалыптастырып, ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдауына жағдай жасауы тиіс.

Оқылым дағдысын дамыту келесі маңызды кезең болып табылады, себебі мәтінмен жұмыс жасау арқылы оқушының тілдік қорын байыту, ойлау қабілетін дамыту жүзеге асады. Мәтінді түсініп оқу, ақпаратты талдау, автор көзқарасын анықтау және мәтінге қатысты өз пікірін білдіру сияқты тапсырмалар оқылым дағдысының сапалы қалыптасуына ықпал етеді. Әдеби шығармаларды оқыту барысында интерпретациялық әдістерді қолдану оқушының шығармашылық ойлауын дамытып, әдеби талдау жасау қабілетін жетілдіреді.

Оқылым дағдысының логикалық жалғасы ретінде жазылым дағдысы қарастырылады, себебі оқушының өз ойын жазбаша түрде жүйелі жеткізуі оның тілдік құзыреттілігінің жоғары деңгейін көрсетеді. Жазылымды дамытуда эссе жазу, шығармашылық жұмыстар, рефлексиялық күнделік жүргізу сияқты әдістер тиімді болып табылады. Мұғалім жазылым барысында оқушыға құрылымдық, тілдік және стилистикалық талаптарды меңгерту арқылы оның жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

Тілдік төрт дағдыны тиімді дамыту үшін оларды кіріктіре оқыту ерекше маңызға ие, өйткені оқушы бір дағдыны қолдану барысында екіншісін де қатар пайдаланады. Мысалы, мәтінді тыңдап, оны талқылау арқылы оқушы тыңдалым мен айтылымды, ал мәтін негізінде эссе жазу арқылы оқылым мен жазылымды қатар дамытады. Мұндай интеграцияланған тәсіл оқыту үдерісінің тиімділігін арттырып, оқушының тілдік әрекетін табиғи түрде қалыптастырады.

Сонымен қатар цифрлық технологияларды пайдалану тілдік дағдыларды дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады, себебі заманауи оқушы үшін цифрлық орта – негізгі ақпарат көзі болып табылады. Онлайн платформалар, интерактивті жаттығулар, мультимедиялық ресурстар арқылы оқушының қызығушылығын арттырып, оқу үдерісін жандандыруға болады. Алайда мұғалім технологияны мақсатты және тиімді қолдануы тиіс, яғни ол тек құрал ретінде қарастырылып, негізгі мақсат – тілдік дағдыларды дамыту болып қала береді.

Тілдік төрт дағдыны дамыту мәселесін әрі қарай тереңдете қарастыру барысында критериалды бағалау жүйесінің рөліне ерекше назар аудару қажет, себебі ол оқушының нақты қандай дағдыларды меңгергенін айқындауға мүмкіндік береді. Айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым бойынша дескрипторлар арқылы бағалау оқушының оқу жетістіктерін объективті талдауға жағдай жасап, оның әлсіз және күшті тұстарын анықтауға көмектеседі. Бұл өз кезегінде мұғалімге сараланған тапсырмалар құрастыруға және әр оқушыға жеке білім беру траекториясын қалыптастыруға негіз болады.

Аталған бағыттың логикалық жалғасы ретінде тілдік дағдыларды дамытуда саралап оқыту технологиясының маңыздылығын атап өткен жөн, өйткені әр оқушының тіл меңгеру деңгейі, қабылдау ерекшелігі мен оқу қарқыны әртүрлі болып келеді. Осыған байланысты мұғалім оқу тапсырмаларын күрделілік деңгейі бойынша жіктеп, оқушының жеке мүмкіндіктеріне бейімдеуі тиіс. Мұндай тәсіл оқушылардың өзіне деген сенімін арттырып, олардың белсенді қатысуына ықпал етеді, нәтижесінде тілдік дағдылардың сапалы қалыптасуына қол жеткізіледі.

Келесі маңызды аспект – тілдік орта қалыптастыру, себебі тіл тек қарым-қатынас барысында дамиды. Сабақта қазақ тілінде еркін сөйлесуге жағдай жасау, түрлі коммуникативтік жағдаяттар құру, жобалық жұмыстар ұйымдастыру арқылы оқушылардың тілдік белсенділігін арттыруға болады. Сонымен қатар сыныптан тыс іс-шаралар, әдеби кештер, пікірсайыс клубтары тілдік тәжірибені кеңейтіп, оқушылардың тілге деген қызығушылығын күшейтеді.

Осы тұрғыдан алғанда, оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту тілдік дағдыларды жетілдірудің маңызды тетігі болып табылады, өйткені шығармашылық

тапсырмалар оқушыны ойлануға, өз көзқарасын қалыптастыруға және оны түрлі формада жеткізуге үйретеді. Әдеби мәтіндерді талдау, кейіпкерге мінездеме беру, альтернативті аяқталу жазу сияқты тапсырмалар оқылым мен жазылымды тереңдетсе, ал сахналық қойылымдар мен презентациялар айтылым дағдысын жетілдіреді. Бұл тәсілдер оқушылардың тілдік қорының кеңеюіне және сөйлеу мәдениетінің қалыптасуына ықпал етеді.

Тілдік дағдыларды дамытуда рефлексияның орны ерекше, себебі ол оқушының өз оқу әрекетін талдауға және жетілдіруге мүмкіндік береді. Сабақ соңында жүргізілетін рефлексиялық тапсырмалар оқушының не үйренгенін, қандай қиындықтар болғанын және оларды қалай жеңгенін түсінуге көмектеседі. Мұндай жұмыс оқушының жауапкершілігін арттырып, өзіндік оқу дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар ата-анамен серіктестік орнату да тілдік дағдыларды дамытуға оң әсерін тигізеді, өйткені оқу үдерісінің нәтижелілігі мектеп пен отбасы арасындағы өзара байланысқа тәуелді. Мұғалім ата-аналарға баламен тілдік орта құру, бірге кітап оқу, пікір алмасу сияқты қарапайым, бірақ тиімді әдістерді ұсыну арқылы оқу үдерісін қолдауға мүмкіндік береді. Бұл оқушының тілдік дамуын сабақпен шектемей, күнделікті өмірмен байланыстыруға ықпал етеді.

Осылайша, қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тілдік төрт дағдыны дамыту – күрделі әрі көпқырлы үдеріс болып табылады, ол мұғалімнің кәсіби шеберлігін, шығармашылығын және заманауи әдістерді тиімді қолдану қабілетін талап етеді. Айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым дағдыларын үйлесімді дамыту арқылы оқушының функционалдық сауаттылығы артып, оның тілдік тұлға ретінде қалыптасуына негіз қаланады. Мұндай бағыттағы жүйелі жұмыс білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Аймағамбетова А.К. Қазақ тілін оқытудың заманауи әдістері. — Алматы: Білім, 2021. — 280 б. — 45–102 бб.

2. Жүнісбек Ә. Қазақ тілін оқыту әдістемесі: теория және практика. — Алматы: ҚазҰПУ, 2020. — 312 б. — 88–140 бб.

3. Құсайынова Г.С. Тілдік дағдыларды дамытудағы инновациялық технологиялар. — Алматы: Дарын, 2022. — 256 б. — 60–118 бб.

4. Назарбаева Н.Ә. Білім беру жүйесіндегі жаңғырту үдерістері. — Астана: Фолиант, 2021. — 300 б. — 120–170 бб.

5. Қараев Ж.А. Деңгейлеп оқыту технологиясы. — Алматы: Рауан, 2019. — 240 б. — 75–130 бб.

Нұрқасым Ғалия Мұхамеджанқызы
Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі
«Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Барлыбек Сырттанұлы атындағы №25 орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі



СЫНИ ОЙЛАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа. Мақалада білім алушылардың оқу сауаттылығын дамытуда сыни ойлау технологиясын қолданудың педагогикалық және әдістемелік мүмкіндіктері қарастырылады. Оқу сауаттылығының тұлғаның мәтінді түсінуі, қажетті ақпаратты анықтауы, оны талдауы, бағалауы және өмірлік жағдаяттармен байланыстыра алу қабілеті ретіндегі маңызы ашып көрсетіледі. Сыни ойлауды дамыту технологиясының негізгі кезеңдері – шақыру, түсіну және рефлексия – оқу процесінде білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырудың тиімді құралы ретінде сипатталады. Сонымен қатар мақалада мәтінмен жұмыс барысында қолданылатын «Сенесіз бе?», «ЗИГЗАГ», «Синтез-кесте», салыстырмалы кестелер, «Білемін, білдім, білгім келеді» сияқты әдіс-тәсілдердің оқу сауаттылығын қалыптастырудағы ерекшеліктері талданады. Практикалық бөлімде білім алушылардың мәтіндегі ақпаратты саралау, негізгі ойды анықтау, дәлелдерді салыстыру, өз пікірін қалыптастыру және қорытынды жасау дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар ұсынылады. Зерттеу нәтижесінде сыни ойлау технологиясын жүйелі қолдану білім алушылардың мәтінмен саналы жұмыс істеуіне, ақпаратты талдау және бағалау қабілеттерінің дамуына, сондай-ақ функционалдық оқу сауаттылығының артуына ықпал ететіні қорытындыланады.

Кілт сөздер: оқу сауаттылығы, сыни ойлау, мәтінмен жұмыс, педагогикалық технология, шақыру, түсіну, рефлексия, «ЗИГЗАГ» стратегиясы, функционалдық сауаттылық, талдау, бағалау.

Оқу сауаттылығы - тұлғаның мәтінді түсініп оқып, өміріне қажетті ақпаратты қабылдай білу, ұсынылған мәтін бойынша ой түю, бағалау. Оқу сауаттылығының белгілі бір деңгейіне жету үшін бірнеше факторлар әсер етеді. Түрлі оқыту стратегияларын қолдану арқылы білім алушының оқуға қызығушылығын арттыра аламыз. Білім беру жүйесінде педагогикалық технологияны қолдану білім алушылардың дамуына, белсенді, шығармашыл болуына септігін тигізетіні анық. Мақаланың мақсаты – сыни ойлау технологиясы арқылы оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру жолдарын көрсету. Мәтіннен қажетті ақпаратты бірнеше критерий бойынша іздеу, күрделі мәтіндерді түсіну, мәтін мазмұнына қатысты тұжырым, болжам жасай отырып алдына мақсат қоя білу, ақпаратты талдай отырып баға беруді үйрету мақаланың міндеті болып табылады.

Педагогикалық жүйе ретінде бір бірімен байланысқан әдістер мен тәсілдерді, іс-әрекеттердің жеке тұлғаға бағытталуын, мақсатты, бағытты педагогикалық әсерді алады. Технология - әдістер жиынтығы ғана емес, әдістер кездейсоқ таңдалынып алынған жоқ, олардың барлығы нақты өнім алудағы белгілі бір мақсатқа бағытталған. [1]

Айта кету керек, «сыни ойлау» ұғымын анықтауға қатысты айтылған пікірлер мен берілген бағалар сан түрлі: бір жағынан ол негативті, тартымсыздықпен байланысты, өйткені ол дауды, талқылауды, қақтығысты болжайды; екінші жағынан «сыни ойлау», «аналитикалық ойлау», «логикалық ойлау», «креативті ойлау» және тағы басқа да ұғымдарды біріктіреді. «Сыни ойлау» термині Ж.Пиаже, Дж.Брунер, Л.С.Выготский сияқты белгілі психологтардың жұмыстарынан белгілі болғанымен, Ресейде практик педагогтардың кәсіби тілінде ол салыстырмалы түрде жақында ғана қолданыла бастады. Бүгінде түрлі ғылыми дереккөздерде «сыни ойлау» терминінің әртүрлі анықтамаларын табуға болады. Дж.А. Браус пен Д.Вуд оны не істеу және не істеу керектігін шешуге бағытталған ақылға қонымды рефлексивті ойлау ретінде айқындайды. Сыншылар өздерінің «Менін» түсінуге, объективті, қисынды болуға, басқа көзқарастарды түсінуге тырысады. Олардың пікірінше, сыни ойлау, — бұл парасаттылықты іздеу (өз көзқарасын, сондай-ақ басқа да пікірлерді ескере отырып, объективті ойлау және қисынды әрекет ету) және өз тұжырымдарыңнан бас тарта білу, сыни ойшылдар жаңа идеяларды ұсынуға және жаңа мүмкіндіктерді көруге қабілетті. [2]

Әдістеме

Сыни ойлау – сұрақтар қоюға, түрлі дәлелдемелер келтіріп, жіті ойластырылған шешімдер қабылдау қабілеті. Аталған технологияның мақсаты – білім беру процесіне интерактивті қосу арқылы білім алушылардың сыни ойлау қабілетінің дамытуын қамтамасыз ету.

Технология бірнеше кезеңнен тұрады:

I кезең «Шақыру» (субъективті тәжірибені актуализациялау).

II кезең «Түсіну».

III кезең «Рефлексия».

Бірінші саты – шақыру. Бұл сатының беретін мүмкіндіктері:

– осы тақырып немесе проблема бойынша оқушының білімін өзектендіру және жинақтау;

– тақырыпқа тұрақты қызығушылық тудыру, оқушыны оқу ісіне ынталандыру;

– жауап алғысы келетін сұрақтарды тұжырымдау;

– оқушыны белсенді жұмыс істеуге ынталандыру.

Шақыру сатысында жарияланған тақырып бойынша білімі өзектендіріледі, яғни мәтінді оқығанға дейін (мәтін деп оқытушының жазбаша мәтіні де, сөйлеген сөзі де, бейнематериал да меңзеледі) оқушы нақты материал туралы ойлана бастайды. Бірінші сатыда мотивация механизмдері іске қосылып, мақсат анықталады.

Екінші саты – түсіну. Бұл сатының беретін мүмкіндіктері:

– жаңа ақпарат алу, түсіну;

– өз білімімен сәйкестендіру;

– бірінші бөлімде қойылған сұрақтарға жауап іздеу.

Түсіну сатысында мәтінмен тікелей жұмыс жүргізіледі

– оқылым: «v», «+», «–», «?» белгілерін пайдалана отырып маркалау (оқылуына қарай оң жақтағы жиектерге қойылады), кестелер құрастыру, сабақтың бірінші бөлімінде қойылған сұрақтарға жауап іздеу және т.б. Нәтижесінде тың ақпарат ала отырып, өз білімдерін сәйкестендіреді, алынған деректерді жүйелейді.

Үшінші саты – рефлексия. Осы сатыда жаңа білімді қабылдай отырып, оқу материалына жеке көзқарасын қалыптастыру маңызды болып табылады.

Сыни ойлауды дамыту технологиясы білім алушының тұлға ретінде қалыптасуына жол ашады. [3]

Білім алушы өзінің сыни ойлау қабілетін қалыптастыру үшін бойында бірқатар қасиеттерді дамыту маңызды. Д.Халперн зерттеулерінде:

1. Әрқашан жоспарлауға дайын болу. Тың ойларды ретке келтіріп, баяндау жүйесін құру маңызды. Ойдың реттілігі – сенімділіктің белгісі.

2. Икемділік. Егер білім алушы өзгенің идеяларын қабылдауға дайын болмаса, ол ешқашан өз идеялары мен ойларының генераторы бола алмайды. 3. Табандылық. Көбіне күрделі мәселеге тап болған жағдайда, проблеманы кейінге қалдыруға тырысамыз. Табандылықты дамыта отырып, білім алушы оқуда әлдеқайда жақсы нәтижелерге қол жеткізеді.

4. Өз қателерін түзетуге дайын болу. Сыни ойлайтын адам өзінің қате шешімін ақтамайды, дұрыс қорытынды жасайды.

5. Ұғыну. Бұл ақыл-ой әрекеті процесінде өзін-өзі бақылай білу маңызды қасиет.

6. Компромисстік шешімдерді іздеу.

Дж.Баррел сыни ойлайтын адамға тән келесі қасиеттерді анықтады.

— проблемаларды шешеді;
— мәселелерді шешуде белгілі бір табандылық танытады;
— өзін, өзінің импульсивтілігін жіті бақылайды;
— өзге идеяларға ашық;
— проблемаларды басқалармен бірлесіп шешеді;
— адамдарды тыңдай біледі;
— эмпатикалық қабілеті болады;
— төзімді;
— мәселелерге әртүрлі көзқараспен қарайды;
— «Егер... былай болса ше?» деген сұрақты өзіне жиі қояды;
— логикалық ой түйеді;
— болжам жасайды, алдына мақсат қояды;
— дағдылары мен білімдерін қолдана алады;
— ізденімпаз; [3]

Практикада қолдану

Сабақтың тақырыбы: Қайырымдылық қорларын қадағалау қажет пе?

Оқу мақсаты: 9.1.3.1 тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білу;

Бірінші саты – шақыру. Шақыру сатысында «Сенесіз бе?» тәсілі қолданылады. Тақырыпқа тұрақты қызығушылық тудыру үшін төмендегі сұрақтарға жауап беруге және өз ойын білдіруге шақырамыз.

- Елімізде 7 203 қайырымдылық қоры ресми түрде тіркеліп жұмыс істеп отыр;

- Жұрттың жанашыр пейілін пайдаланып, біреудің қайғысынан қаржы жасаған алаяқтық фактілері туралы не білесің?

-«The world giving index» көрсеткішіне сәйкес еліміз былтыр әлемдік статистикада қайырымдылық жасаудан 113-орынға тұрақтаған;

- Жеке қорлардың көмегімен қаншама отбасының баспана жыры шешілетініне сенесің бе?

- Әлеуметтік желінің әлеуетін тиімді пайдаланған танымал азаматтар мұң-мұқтажы көп талай тағдырға араша бола ала ма?

Ескерту: Ұсынылған сұрақтарды жалпы сыныпқа қойып, шағын топтарда талқылауға болады.

Екінші саты – түсіну. Оқушыларға мәтінді оқып, жаңа ақпарат ала отырып, бірінші бөлімде қойылған сұрақтарға жауап іздеу ұсынылады. Әр топ өз мәтінін топта талқылап,

ақпарат алмасады. (1-3 мәтін). Сабақтың осы сатысында «ЗИГЗАГ» стратегиясын қолданған тиімді.

1. Сүрінгенді сүйеп, қысылғанға қолдау көрсету – халқымыздың қанына сіңген қасиет. Дегенмен кейінгі кездері жақсылықтың атын жамылып, жымысқы әрекетін жүзеге асыратын, қайырымдылық деп қалта қампайтқан жаға ұстатар жағдайлар жұрт көңіліне күдік-күмән ұялатқаны белгілі. Қолда бар мәліметке сүйенсек, елімізде 7 203 қайырымдылық қоры ресми түрде тіркеліп жұмыс істеп отыр. Олардың жұмысын қадағалау қалай жүзеге асады? Қоғамда сенімге сызат түсірер жайттар неге жиілеп барады?

Орайы келсе, жақсылыққа үн қосудан кім тартынып қалсын. Желіні парақтап отырып, алдыңнан шыға келген бейтаныс жанның аянышты халіне атүсті қарай алмайсың. Смартфонның бір-екі батырмасын басып, аз-кем болса да үлесіңді қосасың. Ниетім қабыл болсын деп берген аз тиыныңның есебіне бас қатырып жатпайсың. Құдайдан үміті бар кез келген адам солай жасайтыны анық. Әттеңі сол, жұрттың жанашыр пейілін пайдаланып, біреудің қайғысынан қаржы жасаған алаяқтық фактілері де қылаң бере бастаған. Сөзімізге тұздық болу үшін соның бірін мысалға келтірейік.

2. Алматының іргесіндегі Тұздыбастау ауылының тұрғыны Қайрат Төлендиев онкологиялық дертке шалдыққан егіз ұлының еміне қомақты қаржы қажет болған соң, желі арқылы жұрттан көмек сұраған. Үлдарының суретін жариялағаннан кейін араға уақыт салып алаяқтар айласын асырыпты. Олар бүлдіршіндердің бет-бейнесі мен диагнозын пайдаланып, бір айдың ішінде халықтан 32 млн теңге жинап үлгерген.

«Біздің реквизитті алып тастап, өздерінің банктік есепшоттарын қойған. Көршілер мен таныстар, туған-туысқандар емге ақша салғандарын айтып, бірақ «Айман Т» деп көрсетілген реквизит кімдікі?» деп сұрай бастады. Өзіміз аң-таң болдық. Біздің ұлдарымыздың суреті қойылған үнпарақпен ақша жинаған. Көпшілікке айтарым, көрсетілген телефондардағы мұқтаждың жақындарына хабарласып, көз жеткізіп барып көмек көрсеткен дұрыс. Осы істің соңында жүріп, заң қызметкерлерінен мұндай алаяқтардың көп екенін естіп-біліп жаға ұстадық», дейді Қ.Төлендиев.

Талғар аудандық полиция департаментінің өкілдері алаяқтардың қолға түскенін, олар өз қылмыстары үшін заң алдында жауап беретінін жеткізді. Құзырлы орындағылардың айтуынша, мұндай жағдайлар кейінгі кездері жалпы ел аумағында жиілей түскен. Ал негізінен қайырымдылық қоры ретінде тіркелмесе де, жұрттан көмек сұрауды заң тармақтары шектемейді.

3. «The world giving index» көрсеткішіне сәйкес еліміз былтыр әлемдік статистикада қайырымдылық жасаудан 113-орынға тұрақтаған. Ақпарат алаңында кіріс-шығысын сауатты жариялап отырған қорлар санаулы. Елімізде қайырымдылық бағытында ең көп қаржы жұмсаған ұйымдарға тоқталсақ, «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры кейінгі үш жылда қайырымдылық бағдарламаларын жүзеге асыруға 250 млрд теңге жұмсапты. Сол секілді «Сәби қоры» 2022 жылы – 50 млрд теңге, «Асыл мирас» қоры 2024 жылы – 27,7 млрд теңге, «Ansa foundation» қоры 2024 жылы 20 млрд теңге болатын бағдарламаларды жүзеге асырған. Осы бестікті түйіндеп тұрған «Дара» қоры 2023 жылы мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдауға 359 млн теңге арнаған.

«Көп түкірсе көл» дегендей, қоғамдағы қордаланған мәселелердің түйінін тарқатуға қайырымдылық қорлары ауқымды үлес қосып жүргенін жоққа шығара алмаймыз. Әлеуметтік желінің әлеуетін тиімді пайдаланған танымал азаматтар мұң-мұқтажы көп талай тағдырға араша болып жүр. Жеке қорлардың көмегімен қаншама отбасының баспана жыры байыпты шешімін тауып жатыр. Жақсылыққа негізделген әрбір істің түпкі өзегінде жақсы үміт жататынын ескерсек, қоғамның ізгіленуіне қомақты үлес қосып жүрген қайырымдылық қорларының игі бастамалары қолдауға лайық. Уақыт талабына сай олардың жұмысын қадағалау, қоғамдық бақылауды күшейту мәселесі де қажет екенін көріп отырмыз. (https://egemen.kz/article/381689-qayyrymdylyq-qorlaryn-qadaghalau-qadget-pe)

Үшінші саты – рефлексия. Оқытудың осы сатысында оқу материалына жеке көзқарасын қалыптастыру маңызды болып табылады. Сонымен қатар, мәтіннің негізгі мазмұны бойынша сұрақтар ұсынылады. Оқушылар сұрақтарға жауап бере отырып, тірек сөздер мен негізгі фразаларды дәптерлеріне түртіп алады.

1. Мәтіннің негізгі тақырыбын анықта
2. Негізгі тақырыпты қолдайтын негізгі фактілерді тауып жаз
3. Мәтіннің мақсатын анықта
4. Мәтіннің негізгі міндеті қандай? (Ақпараттандыру, көңіл көтеру, сендіру)
5. Аудиториясын анықта?
6. Осы мәтіннен түйген ойың қандай?

Осы сұрақтарға жауап алған соң «Синтез-кесте» толтыру тиімді. Білім алушылар Шақыру сатысында бірінші және екінші қатарын толтырса, ал Рефлексия сатысында екінші және үшінші қатарын толтырады.

Тірек сөздер	Түсіндіру	Мәтіннен мысал келтіру
Мәтінді оқығанға дейін.....		
Мәтінді оқығаннан кейін.....		

«ЗИГЗАГ» стратегиясы

Бұл әдістің мақсаты (автор Э. Аронсон) - көлемді материалды зерделеу және жүйелеу болып табылады. Ең алдымен мәтінді мағыналық үзінділерге бөледі. Үзінділер саны топ мүшелерінің санына сәйкес келуі керек. Мысалы, мәтін 5 мағыналық үзіндіге бөлінсе, онда топтарда 5 адам болады.

1. Шақыру сатысы: кез келген әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылады. Бұл стратегияда шақыру фазасы болмауы да мүмкін, өйткені бұл тапсырма – «бірлесіп оқыту» режимінде көлемді мәтінмен жұмысты ұйымдастыру – өздігінен шақыру қызметін атқарады.

2. Мазмұнын түсіну сатысы: сынып топтарға бөлінеді, оларға әртүрлі мазмұндағы мәтіндер беріледі. Әр білім алушы өз мәтінімен жұмыс істейді, негізгі нәрсені ерекшелейді, тірек түйіндеме жасайды немесе графикалық формалардың бірін пайдаланады (мысалы, кластер). Жұмысты аяқтағаннан кейін білім алушылар басқа топтарға – сарапшылар топтарына көшеді.

3. Рефлексия сатысы: сарапшылар тобында жұмыс істеу. Жаңа топтар бір тақырып бойынша жұмыс жасайды. Өз жұмысының нәтижелерімен алмасу процесінде тақырып бойынша әңгіменің жалпы презентациялық схемасы жасалады. Содан кейін білім алушылар өздерінің бастапқы топтарына ауысады. Жұмыс тобына оралған сарапшы жалпы таныстыру схемасын пайдалана отырып, топтың басқа мүшелерін өз тақырыбымен таныстырады. Топта барлық қатысушы ақпарат алмасады. Осылайша, әрбір жұмыс тобында сарапшылардың жұмысының арқасында зерттелетін тақырып туралы жалпы түсінік қалыптасады. Жекелеген тақырыптар бойынша мәліметтердің презентациясын сарапшылардың бірі жүргізеді, басқалары толықтырулар енгізеді, сұрақтарға жауап береді – тақырыптың «екінші тыңдауы» жүріп жатыр. Сабақтың қорытындысы зерттелген тақырып бойынша зерттеу немесе шығармашылық тапсырма болуы мүмкін.

Тұтас емес мәтіндермен жұмыс

«Отбасы және демографиялық өзгеріс» тақырыбында тұтас емес мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу бойынша тапсырма беріледі. Оқушы кестеде берілген мәліметтерді өзара салыстырады, мәліметтер бойынша мақала жазады.





Салыстырмалы кестелер

Сабақ аяғында (немесе басында да болады) шағын топ ішінде орындалады. Кестелердің негізінде салыстыру жатыр. Мәселен, кестелерде бүтіннің құрамдас бөліктерін немесе жеке объектілерді нышандары, ерекшеліктері мен қасиеттері тұрғысынан салғастыруға болады. [4]

Көркем шығарманың бөлімдерін салыстыруға арналған кесте

Ерекшеліктері / Бөлімдері	Кейіпкерлері, олардың суреттелуі	Сюжет-тік ерекшеліктері	Сөз қолданысындағы ерекшеліктер	Тақырыптық ерекшеліктері	Негізгі идеяны ашудағы рөлі
Бірінші бөлім (оған атау беріңіз)					
Екінші бөлім (оған атау беріңіз)					
Үшінші бөлім (оған атау беріңіз)					

«Білемін, білдім, білгім келеді» тәсілі

Бұл тәсіл жаңа материалды түсіндіру кезеңінде, сондай-ақ бекіту кезеңінде қолданылады. Мысалы, А.С. Пушкин шығармашылығын қарастыру барысында балалар кестеге Пушкин және оның шығармалары туралы не білетінін, нені жаңадан білгендерін, оның қандай өлеңдері бар, не туралы білгісі келетінін жазады. Бұл тәсіл бойынша жұмыс көбіне бір сабақтың ауқымынан шығып кетеді. «Білгім келеді» бағаны жаңа ақпаратты іздеуге және қосымша әдебиеттермен жұмыс істеуге негіз болады.

Сыни мәтін

Нанымды мәтін жазғанда әлдебір мәселеге не тақырыпқа қатысты өз көзқарасыңыз болуға тиіс десек, сыни мәтін жазғанда екі не одан көп көзқарасты, соның ішінде өз

көзқарасыңызды да жүйелеп түсіндіріп, талдап, қорытуыңыз керек болады. Әдетте сыни мәтін көбінесе ғылыми зерттеулерде жазылады. Онда көзқарасты нандыратын мәтін қылып жазып дәлелдеп, өзге де көзқарастарды жүйелеп салыстыра отырып белгілі бір ғылыми жүйе, теория тұрғысынан сыни пікір білдіру керек. Сыни мәтін жазғанда зерттеушінің интерпретациясын немесе дәлелін түсіндіріп, сол дәлелдің мәнін бағалайсыз не әлдебір ғылыми жүйе не теорияға сүйеніп, өз балама түсіндірмеңізді бере аласыз.

Сыни мәтінге мысал деп сын мақалалар, бар зерттеулердің күшті және осал тұстарын анықтайтын әдебиетке шолу жасауды атауға болады. Сыни мәтін жазуға нұсқау сөздер мынадай болып келеді: «сын пікір білдіріңіз», «пікір таластырыңыз», «келіспейтін тұстарын көрсетіңіз» және «бағалаңыз». Сыни мәтін жазғанда:

жұмыстың бәрін не бір бөлігін дәл қорытындылаңыз. Онда негізгі түсініктерді, тұжырымдарды, ықтималдықтар не әдістерді анықтауға болады;

әлдебір еңбекке сын пікір білдіріңіз. Ол үшін пікір білдірудің жүйелі жолдарымен танысыңыз. Олардың белгілі бір мәселені көрсетуге арналған – балама тәсілді ұсыну түрі, жұмысты сыннан қорғау түрі және т.с.с. құрылымы болады.

көзқарасыңызға дәлел келтіріңіз. Арнайы тапсырма мен пәнге байланысты логикалық негіздеу, беделді дереккөзге сілтеме жасау және зерттеу деректері сияқты дәлелдеме түрлерін өз орнымен пайдалануға машықтану қажет.

Сыни мәтін жазу күрделі саты болғандықтан, жетік дамыған жазу машықтарын қажет етеді. Тақырыпты және мәселелерді мұқият түсінуден бөлек, түрлі интерпретацияларды талдау және дәлелдермен растау, сондай-ақ дәлелдемеңізді не көзқарасыңызды дамыту машықтарын меңгергеніңіз жөн. Сыни мәтін жазу – осы элементтерді пайдаланып мәтін құрауға мүмкіндік беретін күрделі құрылым. [5]

Қорыта айтқанда, сыни мәтін жазу – зерттеушіден тек белгілі бір тақырып бойынша ақпарат беруді емес, бірнеше көзқарасты салыстырып, олардың мәнін талдап, дәлелдер негізінде өзіндік тұжырым жасауды талап ететін күрделі жазу түрі. Оның басты ерекшелігі – мәселені біржақты қарастырмай, әртүрлі пікірлердің күшті және әлсіз тұстарын анықтауында. Сыни мәтінде автор өз көзқарасын білдірумен қатар, оны логикалық дәлелдермен, ғылыми деректермен және беделді дереккөздермен негіздеуі қажет. Сонымен бірге сыни мәтіннің сапасы зерттеушінің тақырыпты қаншалықты терең түсінгеніне, ақпараттарды өзара салыстыра алуына және оларды дұрыс интерпретациялауына байланысты. Өзге пікірлерді жай ғана жоққа шығару сыни ойлау болып саналмайды. Керісінше, әр көзқарастың негізін түсініп, оның дәлелді тұстарын бағалап, қажет жағдайда балама пікір ұсыну маңызды. Сондықтан сыни жазу зерттеушінің аналитикалық ойлауын, дәлел келтіру қабілетін және ғылыми пайымдау мәдениетін қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, сыни мәтін ғылыми зерттеу жұмысының маңызды бөлігі болып табылады және зерттеушінің өзіндік ғылыми ұстанымын анық көрсетуіне мүмкіндік береді.

Қолданылған деректер тізімі

1. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту [Мәтін] : оқулық-әдістемелік бағдарлама / Бітібаева, Қанипа ... – Семей : Үш биік, 2007. - 143 б.

2. Загашев И.О., Заир-Бек С.И. Критическое мышление: технология развития. СПб.: Альянс «Дельта», 2003.

3. Заир-Бек С.И., Муштавинская И.В. Развитие критического мышления на уроке. Просвещение, 2011. — 223 с

4.Әлімов Асхат., Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Оқу құралы. – Алматы баспасы, 2009. - 263 бет.

5. Академиялық мәтін жазу шеберханасы. – Астана: Қазақстандық қоғамдық даму институты, 2024. – 200 бет.

Матенова Оралай Асенбаевна
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Көмірші орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығы мен коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Күншуақ шағын орталығы



«ҚАРЛЫ ӨЛКЕДЕГІ ҚИЯЛ»

(Ұйымдастырылған іс-әрекет)

Білім беру дағдысы: Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту
Ұйымдастырылған іс-әрекет: Сурет салу (Зерттеу жұмыстарын жүргізу)
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің тақырыбы: «Қарлы өлкедегі қиял»
Топ: Ересек тобы
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны: Бүгінгі оқу іс-әрекетіниде балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, қыс мезгілі туралы түсініктерін қалыптастыру. Қармен таныстыра келе қарға сурет салу дағдылыарын жетілідіру. Қармен, мұзбен қарапайым тәжірбие жасау дағдыларын жетілдіру.
Ұйымдастырылған іс-әрекет мақсаты: Балалардың қар мен мұздың қасиеттері туралы түсінігін тәжірибе арқылы кеңейту, қиялын, зерттеушілік қабілетін дамыту.
Міндеттері
- қардың, мұздың күйін бақылау;
- сұрақ қоюға, болжам жасауға үйрету;
- тәжірибе жасау кезінде қауіпсіздік ережесін сақтау;
- шығармашылық ойлау мен қызығушылықты арттыру.

Қажетті құралдар
Табиғи немесе жасанды қар,мұз кесектері,мөлдір ыдыстар,жылы су, суық,су,түсті бояулар, қасық, пипетка,алжапқыштар, сүлгі.

Іс-әрекет барысы
Тәрбиеші сөзі: – Балалар, бүгін біз сиқырлы **Қарлы өлкеге** саяхатқа шығамыз ❄ Бұл өлкеде бәрі аппақ, суық және өте қызық. Онда түрлі құпиялар бар екен.Солқұпияларды бірге ашқыларың келе ме?
Балалар: – Иә!
Тәрбиеші: – Қарлы өлкеде **Аққала ғалым** тұрады
Ол бізден көмек сұрап отыр.
Ол қар мен мұздың сиқырын зерттей алмай жүр екен.
Біз оған көмектесейік!

🧊 **Тәжірибе 1: «Қар ери ме?»**

Болжам: – Балалар, қар жылы жерде не болады?


Жүргізілуі:



• Қарды екі ыдысқа саламыз

• Біреуін жылы жерге, екіншісін салқын жерге қоямыз

Нәтиже: – Қар жылыда тез ериді.



Қорытынды: – Қар – су, ол жылынса ериді.

❄️ **Тәжірибе 2: «Мұз батама, қалқый ма?»**

Болжам: – Мұз суға батама?

Жүргізілуі:

• Мұзды суы бар ыдысқа салу

Нәтиже: – Мұз су бетінде қалқып тұрады.



Қорытынды: – Мұз жеңіл.

🎨 **Тәжірибе 3: «Түсті мұз – сиқырлы сурет»**

Жүргізілуі:

• Мұздың үстіне пипеткамен бояулы су тамызу

Нәтиже: – Мұз бояуды жайлап сіңіреді.

Балалар тәжірбие жасап алдық енді қардың бетіні қарапайым сұлбаларды салып үйренеміз.

Сурет салу: Қарға сурет салады

Қорытынды: – Мұз арқылы сурет салуға болады.

IV. Қимылды сергіту сәті

«Қар ұлпалары»

Шарты: Балалар қар секілді баяу ұшады, жерге ақырын қонады.

Қорытынды

Тәрбиеші: – Балалар, бүгін біз не зерттедік?

– Қар қандай болады?

Балалар: – Суық, ериді, ақ!

Тәрбиеші: – Жарайсыңдар!

Сендер нағыз кішкентай ғалым болдыңдар 👨‍🔬✨

Аққала ғалым сендерге риза!

Қауіпсіздік ережелері

• Суды шашпау

• Мұзды ауызға салмау

• Қолды соңында сүрту

Бейсекова Нуржан Жолшибековна
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мұқағали Мақатев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Толағай» шағын орталығы



ҰЛЫ ЖЕҢІС КҮНІ

(Залға әскери марш әуені ойналады. Балалар қолдарына гүлдер мен жалаушалар ұстап, салтанатты түрде саппен кіріп, жарты шеңбер жасап тұрады).

1-жүргізуші:
Армысыздар, құрметті қонақтар, аяулы тәрбиешілер мен бүлдіршіндер! Бүгін біз адамзат тарихындағы ең ұлы мереке – Жеңіс күнін атап өтуге жиналып тұрмыз. Бұл күн – сұрапыл соғыста Отанын қорғап қалған ата-бабаларымыздың ерлігіне тағзым ететін күн.
2-жүргізуші:
Мамыр келді, гүлденді дала, қырлар,
Жүректерде маздайды жалын жырлар.
9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен,
Құттықтайды сіздерді бүлдіршіндер!
(Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалады).
2. Бөлім: Тақпақтар мен Әндер
1-бала:
Мамырдың тоғызы – Жеңіс күні,
Жарқырап ашылды Отан күні.
Аталар ерлігін ұмытпаймыз,
Шырқатып айтамыз әнді бүгін.
2-бала:
Жеңіс келді далама,
Жеңіс келді қалама.
Жеңіс күнін тойлайды,
Кәрі де, жас бала да.
3-бала:
Бейбітшілік әніміз,
Ардақтаймыз бәріміз.
Соғыс өртін болдырмай,
Бақыттымыз бәріміз.
Ән: «Бейбітшілік әні» (Балалардың орындауында жалпы ән).

3. Бөлім: Ойын және Көрініс
1-жүргізуші:
Балалар, майданда біздің аталарымыз ғана емес, апаларымыз да батырлық көрсетті. Әлия мен Мәншүк апаларымызды білесіңдер ме? Олар – біздің мақтанышымыз. Ал қазір біздің ұлдарымыз өздерінің қандай епті, батыр екенін көрсетеді.





Ойын: «Шекарашылар мен Хат тасушылар»
- **Шарты:** Ұлдар екі топқа бөлінеді. Олар кедергілерден өтіп, майдан хатын (үшбұрышты хатты) штабқа тез жеткізуі керек. Ең жылдам жеткізген топ жеңіске жетеді.

(Ойын аяқталған соң экраннан майдандағы сарбаздар мен бейбіт өмір туралы қысқаша видео-слайд көрсетіледі).
4. Бөлім: Би «Ақ көгершін»
2-жүргізуші:
Біздің балаларымыз соғыстың болмауын, аспанымыздың әрқашан ашық болуын қалайды. Бейбітшіліктің символы – ақ көгершін. Қыздарымыздың орындауындағы әдемі биді тамашалаңыздар.
Би: «Ақ көгершін» (Қыздар қолдарына ақ қағаздан жасалған көгершіндерді ұстап, баяу әуенмен билейді).
4-бала:
Ешкім де ұмытылмайды,
Ештеңе ұмыт қалмайды.
Батырлар салған ұлы жол,
Жүректе мәңгі сайрайды.
5-бала:
Жасасын Жеңіс, жасасын,
Бейбіт күн мәңгі жасасын!
Қазақстан елінде,
Бақытты бала жасасын!
5. Бөлім: Қорытынды
1-жүргізуші:
Құрметті қонақтар мен балалар! Осымен Жеңіс күніне арналған мерекелік шарамыз аяқталды. Аспанымыз ашық, еліміз тыныш, бейбітшілік мәңгі болсын! Сарбаздар мен ардагерлерге мың алғыс!

Тәліп Забира Әліқызы
Тәрбиеші, педагог-сарапшы
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мұқағали Мақатев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Толағай» шағын орталығы



«ХАНТАЛАПАЙ – ҰЛТТЫҚ МҰРАМЫЗ» АТТЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫН ОЙЫН-САУЫҒЫ

(Төрлетіңіз, қонақтар!)

(Зал іші қазақы нақышта безендірілген. Күй ойналып тұрады. Балалар ұлттық киімде залға кіріп, шеңбер бойымен отырады немесе жарты шеңбер құрып тұрады).

1-жүргізуші:Армысыздар, құрметті қонақтар, кішкентай бүлдіршіндер! Қазақ халқының тарихы мен мәдениеті өте бай. Оның ішінде баланың ой-өрісін, дене бітімін дамытатын ұлттық ойындардың орны ерекше. Бүгін біз балабақшамызда қазақтың ең қызықты асық ойыны – «Ханталапайды» ойнауға жиналдық!

2-жүргізуші:

Асығың алшысынан түссін, бала,
Өнерлі, епті болғын, артқа қарама.
Ұлттық ойын – бабамның аманаты,
Құрметпенен қарайық біз де соған!

2. Бөлім: Тақпақтар мен Өлеңдер (Асық туралы жыр)

1-бала:

Асығым бар қалтамда,
Қызығады қорқып та.
Алшы түссе қуанам,
Тапай қалса жұбанам





2-бала:
Ханталапай ойнаймыз,
Достарменен тойлаймыз.
Ептілік пен жылдамдық,
Салтын артқа тастамаймыз.
3-бала:
Сақа, шіге, алшысы,
Асық ойын белгісі.
Қазағымның ойыны –
Жақсы көрер әркім де.

3. Бөлім: Негізгі бөлім (Ойын басталды!)

(Төрге текемет немесе кілемше төселеді. Ортаға тәрбиеші (немесе Әже рөліндегі кейіпкер) көп асықты араластырып шығады. Асықтардың ішінде бір ерекше үлкен және қызыл түске боялған «Хан» асығы болады).

Жүргізуші (немесе Әже): Балақайларым, «Ханталапай» ойынының өз ережесі бар. Мен асықты ортаға шашқанда, ішінен «Хан» асығын тауып алуымыз керек. Егер «Хан» алшысынан немесе тәйкесінен түссе, мен «Ханталапай!» деп айқайлаймын. Сендер тез-тез асықтарды жинап алуларың керек. Ал егер «Хан» бүк немесе шік түссе, ойын басқаша жалғасады. Қане, дайынсыңдар ма?

Балалар бір ауыздан: Иә, дайынбыз!

Ойын барысы:

1. Жүргізуші асықты үйіріп ортаға тастайды.
2. Егер «Хан» алшы түссе, жүргізуші «Ханталапай!» деп дауыстайды. Балалар жапатармағай асықты жинайды. Кім көп асық жинаса, сол жеңімпаз атанады. «Хан» асығын іліп кеткен балаға ерекше сыйлық беріледі.
3. Егер «Хан» бүк немесе шік түссе, «Ханды» кім атып алатыны анықталады (балалар кезекпен өз асықтарымен «Ханды» көздеп атады).

(Ойын 2-3 рет қайталанады. Балалар мәре-сәре болып асық жинайды. Осы сәтте көңілді қазақша әуен ойнап тұрады).

4. Бөлім: Сергіту сәті (Би билейміз)



1-жүргізуші:
Ойынымыз өте қызықты өтті! Балаларымыздың ептілігін көрдік. Енді бәріміз бірге ұлттық биімізді билеп, бойымызды сергітіп алайық.

Би: «Қара жорға» немесе «Қамажай» (Ұлдар мен қыздар бірге ұлттық би элементтерін орындайды).

5. Бөлім: Қорытынды

2-жүргізуші:
Балалар, бүгін біз қандай ойын ойнадық? (Балалар: Ханталапай!). Сендерге ұнады ма? (Балалар: Иә!). Ұлттық ойынды ұмытпай, әрдайым ойнап жүріңдер. Атқарған еңбектеріңіз, жинаған асықтарыңыз құтты болсын!

(Көп асық жинаған және «Ханды» ұтып алған балаларға мақтау қағаздары немесе тәтті сыйлықтар үлестіріледі. Балалар күй әуенімен залдан салтанатты түрде шығады).

Қайрат Ақмарал Қайратқызы
Тәрбиеші, педагог
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мұқағали Мақатев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Толағай» шағын орталығы



«ҚОШ БОЛ, СҮЙІКТІ БАЛАБАҚШАМ!»

(Мерекелік ертеңгілік)

Мақсаты: Балабақшамен қоштасатын бүлдіршіндердің мерекелік көңіл-күйін көтеру, оларды мектепке сәттілікпен шындап шығару, ұстаздар мен ата-аналарға алғыс сезімін білдіру.

Көрнекіліктер: Сәнмен безендірілген зал, «Қош бол, балабақшам!» баннері, шарлар, гүлдер, «Бірінші сынып» белгілері, қоңырау, вальс әуендері.

Іс-шараның барысы

1. Бөлім: Салтанатты кіріспе

(Залға салтанатты әуен ойналады. Сахнаға екі тәрбиеші шығады).

1-тәрбиеші: Армысыздар, құрметті ата-аналар, аяулы әріптестер және қонақтар! Бүгін біздің балабақшамызда ерекше күн. Осыдан бірнеше жыл бұрын кіп-кішкентай болып келген бүлдіршіндеріміз бүгін есейіп, мектеп табалдырығын аттағалы тұр.

2-тәрбиеші: Толқимыз, толқып тұрсыз баршаңыз да,
Мұндай күн болған емес басымызда.
Шақырамыз залымызға мақтанышпен,
Қадам басқан мектептің табалдырығына,
Бітіруші түлектерді ортамызға!

(Әдемі әуенмен бітіруші түлектер жұптасып (ұл мен қыз) қолдарына гүл немесе шар ұстап салтанатты түрде кіреді. Тәрбиеші әр баланың атын атап таныстырады. Балалар жарты шеңбер жасап тұрады).

2. Бөлім: Тақпақтар мен Түлектердің Алғысы

1-бала:
Балабақшам, қош бол енді,
Мектепке мен барамын.
Әріптерді үйреніп,
Кітапты оқи аламын.

2-бала:
Ойыншықты жинаймыз,
Балабақшамен қимаймыз.

Бізге тәлім үйреткен,
Ұстаздарды сыйлаймыз.

3-бала:

Тәрбиеші апайым,
Анамыздай болдыңыз.
Әрбір басқан қадамға,
Үлкен бақыт жолдаңыз.

Ән: «Қош бол, балабақшам!» (Балалардың орындауында жалпы ән).

3. Бөлім: Кішкентай бүлдіршіндердің құттықтауы

(Залға кіші топтың балалары (кішкентайлар) көңілді әуенмен кіреді. Қолдарында ойыншықтары бар).

Кіші топ баласы:

Сендер кетіп жатырсыңдар мектепке,
Ойыншықты бізге тастап кетпекке.
Бестік баға алыңдар,
Күнделікке салыңдар!

(Кіші топ балалары түлектерге кішкентай сыйлықтар немесе гүлдер береді де, қол бұлғап шығып кетеді).

4. Бөлім: Ойын мен Тапсырмалар (Мектепке дайындық)

1-тәрбиеші: Ал, балақайлар, мектепке баруға шынымен дайынсыңдар ма? Қазір біз оны тексереміз.

Ойын: «Портфельді кім тез жинайды?»

• **Шарты:** Ортаға үстел қойылады. Үстел үстінде мектеп құралдары (кітап, дәптер, қаламсауыт) және ойыншықтар араласып жатады. Балалар уақытқа тек мектепке қажетті заттарды ғана қоржынға немесе портфельге тез жинап үлгеруі керек. (Ата-аналар да қатыса алады: олар шар үрлейді немесе гүл дайындайды).

5. Бөлім: Қоштасу Вальсі

2-тәрбиеші: Балабақша қабырғасындағы ең соңғы, ең әдемі биді тамашалаңыздар. Түлектеріміздің орындауында – Қоштасу вальсі!

Би: «Қоштасу вальсі» (Ұлдар мен қыздар жұптасып, баяу әрі салтанатты әуенмен вальс билейді).

6. Бөлім: Қорытынды және Салтанатты сәт

(Балалардың қолдарына қоңырау ұстаған ұл мен қыз ортаға шығып, алғашқы қоңыраудың дыбысын береді (сыңғырлатады).



1-тәрбиеші: Міне, мектептің алғашқы қоңырауы да сыңғырлады. Сөз кезегін балабақша меңгерушісіне және ата-аналарға береміз.

*(Балабақша меңгерушісі құттықтау сөз сөйлеп, балаларға тұңғыш құжат – **Дипломдар мен естелік сыйлықтарды** табыс етеді. Ата-аналар ақ тілектерін айтады).*

2-тәрбиеші: Жолдарың болсын, кішкентай достарым! Мектепте тек үздік шәкірт болыңдар! Сау болыңдар!

(Балалар қолдарындағы гелий шарларын далаға шығып, аспанға ұшырады. Мереке аяқталады).

Нуралдаева Салтанат Дуисенбековна
Тәрбиеші, педагог
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мұқағали Мақатев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Толағай» шағын орталығы



АЯУЛЫ АНАШЫМ!

(Мерекелік ертеңгілік)

1. Бөлім: Салтанатты кіріспе

(Көңілді, нәзік көктемгі әуен ойналады. Балалар қолдарына гүл шоқтарын ұстап залға кіреді, жарты шеңбер жасап тұрады).

1-жүргізуші: Армысыздар, ардақты аналар, аяулы әжелер және қонақтар! Күннің көзі жылынып, жер бетіне көктемнің алғашқы мерекесі – 8 Наурыз келді. Сіздерді бүгінгі «Аяулы Анашым!» атты мерекелік ертеңгілігімізбен құттықтаймыз!

2-жүргізуші:

Теңдесі жоқ құдіретті, жан шуақ,
Ана деген – таусылмайтын бір бұлақ.
Бүлдіршіндер сыйлайды екен өздеріне,
Ән мен жырдан бүгін міне, бір шумақ!

2. Бөлім: Жыр шуағы (Анаға арналған тақпақтар)

1-бала:

Анамызды сүйеміз,
Сөзін ойға түйеміз.
Әрқашан да біз бірге,
Бас иеміз анаға!



2-бала:
Аяулы анам, жан анам,
Мейірімің таралған.
Сенің күлкің мен үшін,
Күн көзінен жаралған.
Ән: «Аяулы анашым» немесе «Құттықтаймын, мама!» (Балалардың орындауында хор).
3. Бөлім: Ойын-сауық (Аналармен бірге)
1-жүргізуші:
Балалар, біздің аналарымыз өте шебер, бәрін біледі және сезеді. Қазір біз оны қызықты ойын арқылы дәлелдейміз.
Ойын: «Өз балаңды танып ал»
• Шарты: Сахнаға 3-4 ана шығады. Олардың көздері жұмсақ орамалмен байланады. Балалар кезекпен аналардың алдына келеді. Аналар тек баланың шашынан, бетінен немесе қолынан сипау арқылы өз баласын тауып алуы керек.
2-жүргізуші:
Көрдіңіздер ме, ана жүрегі ешқашан қателеспейді! Ендігі кезекте қыздарымыздың аналарға арнаған әдемі биін тамашалаңыздар.
Би: «Гүлдер биі» (Қыздар түрлі-түсті жасанды гүлдермен нәзік әуенге билейді).
4. Бөлім: Әжелерге құрмет
1-жүргізуші:
Бүгінгі мереке тек аналардың ғана емес, біздің ардақты, ақ жаулықты әжелеріміздің де мерекесі.
4-бала:
Ақ шашыңды сыйлаймын,
Ақылды сөзіңді тыңдаймын.
Әжетайым, жан әжем,
Сені ешқашан қимаймын.
5-бала:
Ертегі айтып беретін,
Мейірімін төгетін.
Біздің ерекше әжеміз,
Үйдің құты, берекеміз!
Ән немесе би: Әжелерге арналған шағын сый (балалар орындауында «Әжетайым» әні).

5. Бөлім: Қорытынды (Сыйлықтар табыстау)
2-жүргізуші: Құрметті аналар, сіздерге әлемдегі ең сұлу, ең қымбат сыйлық ол – балаларыңыздың өз қолдарымен жасаған ашық хаттары мен гүлдері. Балақайлар, аналарымызға сыйлықтарымызды берейік!
(Балалар көңілді әуенмен көрермендер қатарында отырған аналары мен әжелеріне барып, құшақтап, дайындаған сыйлықтарын береді).
1-жүргізуші: Осымен «Аяулы Анашым!» атты мерекеміз аяқталды. Жүздеріңізден күлкі, үйлеріңізден береке кетпесін. Мерекелеріңіз құтты болсын, аналар!

Смагулова Нургул Оспановна
Тәрбиеші, педагог-модератор
«Алматы облысы білім басқармасының Райымбек ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мұқағали Мақатев атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Толағай» шағын орталығы



МАРБЛС ТАСТАРЫН ТАНЫСТЫРУДЫҢ ДӘСТҮРДЕН ТЫС ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарда Марблс (Marbles) тастарын қолданудың тиімділігін көрсету, бұл заманауи технологияның баланың танымдық, тілдік және сенсорлық қабілеттерін дамытудағы рөлін ашу.

